

А.ИБРАХИМОВ, Ш.ЖАНАЙДАРОВ

МУЗЫКА

4-сыныпқа арналған оқулық

Қайта өңделген және толықтырылған 6-басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі ұсынған*

Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі

Ташкент — 2017

УЎК 78 (075)
КБК 85.31 я 72
Ж 34

П і к і р ж а з ғ а н д а р:

Г. Дадабаева – Республикалық Білім беру орталығының “Музыка өнері, еңбек тәрбиесі, денені жетілдіру мен денсаулық” бөлімі әдіскері;

О.Абдуллаева – ӨзМК «Сазгерлік және аспаптандыру» кафедрасының меңгерушісі, профессор;

Р.Худаярова – Ташкент қаласы, Сіргелі ауданы жалпы орта білім беретін 277-мектептің музыка мәдениеті пәні мұғалімі.

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаражаттары
есебінен жалға беру үшін басылды.**

А.Ибрахимов.

Музыка: 4-сыныпқа арналған оқулық. Қайта өңделген және толықтырылған 6-басылымы. – Т.: Фафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 2017. – 112 б.

1.1.2 Авторлар тобы.

УЎК 78 (075)
КБК 85.31 я 72

ISBN 978-9943-4916-7-0

© А.Ибрахимов
© Фафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2017

СӨЗ БАСЫ

Қымбатты оқушы! Әрбір халықтың көңілге жағымды ән мен күйі, термесі мен жыры, айтысы, бір сөзбен айтқанда, ұлттық саз өнері болады. Халық музыкасы — көп және ұзақ ғасырлық сындардан өткен және жүрегімізге сіңген рухани байлығымыз.

Сан алуан саздық аспаптарымыз және олармен орындалып жүрген ұлттық күйлеріміз осы рухани байлықтың құрамдас бөлігі.

Қолыңдағы оқулық, міне, сондай рухани сұлулық пен байлықтарды пайдалану мақсатында жазылған.

Онда халқымыздың тұрмыс-салты, еңбек етуі, түрлі мереке салт-дәстүрлеріне байланысты әндері, ұлттық аспаптары туралы мәліметтермен танысасың, сирек кездесетін ән мен күйлерді тыңдайсың, олардан кейбір үлгілерді орындауды үйренесің. Сондай-ақ, Өзбекстан мен Қазақстанның сазгерлерінің оқушыларға арнап жазған шығармаларымен танысасың.


Оқулықта қолданылған төмендегі шартты белгілерді есіңде сақта:


 — музыка тыңдау.

 — музыкалық сауат.

 — дауысты келтіру жаттығулары.

 — өз бетінше оқу.

 — ән айту.

 — сұрақтар мен тапсырмалар.

 — нотаға қарап ән айту.

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ӘНҰРАНЫ

Өлеңін жазған **А.Арипов**

Әнін жазған **М (Мутаваккил) Бурханов**

Салтанатты *f*

1 Ser- qū- yosh hur o'- kam el-
ff
ga baxt, na- jot, Sen o'- zing do'st-lar- ga yo'l-dosh, meh-ri-
p
bon! Meh-ri- bon! Yash-na- gay to a- bad il-
f *mf*
mu fan, i- jod, Shuh-ra-ting por- la- sin to-ki bor ja-
f *ff* *p*
hon! *ff* Ol- tin bu vo- diy- lar - jon O'z- be *f* kis-
ton, Aj- dod- lar mar-do- na ru- hi sen- ga yor! *mf* U- lug'
ff *mf*
xalq qud- ra- ti jo'sh ur- gan za- mon, O- lam- ni mah- li- yo ay- la-

1. gan di-yor! 2. Bag'-ri

2. gan di-yor!

Serquyosh, hur o'lkam, elga baxt, najot,
 Sen o'zing do'stlarga yo'ldosh, mehribon!
 Yashnagay to abad ilm-u fan, ijod,
 Shuhrating porlasin toki bor jahon!

Naqarot:

Oltin bu vodiylar — jon O'zbekiston,
 Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
 Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
 Olamni mahliyo aylagan diyor!

Bag'ri keng o'zbekning o'chmas iymoni,
 Erkin, yosh avlodlar senga zo'r qanot!
 Istiqlol mash'ali, tinchlik posboni,
 Haqsevar, ona yurt, mangu bo'l obod!

Naqarot:

Oltin bu vodiylar — jon O'zbekiston,
 Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
 Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
 Olamni mahliyo aylagan diyor!

Кыз





БІРІНШІ ТОҚСАН

ӨЗБЕК ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ МЕН АСПАПТАРЫ

1–2-сабақтар. ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

Өзбек халық ауыз әдебиетінің құрамдас бөлігі ән мен жыр болып табылады. Тақырып және мазмұны жағынан алуан түрлі бұл әндер халқымыздың өмірін, тұрмыс-салтын көрсетеді. Сонымен бірге әндерде адамдардың Отанға, табиғатқа, қоршаған ортаға, жанұяға және достарға деген мейір сезімін көркем бейнелейді.

Халық әндерін алғаш ел арасынан шыққан диқандар, қолөнершілер, қызметшілер және зиялылар түрлі жағдайларда шығарған. Бірақ көп жағдайларда олардың есімдері бізге белгісіз болған, өйткені жаңа шығарылған ән, әдетте, жазып алынбаған, яғни ауызша айтылып, бір орындаушыдан екіншісіне, әке-



ден балаға, атадан немереге ұласып, халық арасына тараған. Өзбек халық әндері осылай ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып, біздің дәуірімізге жетіп келген.

Халық әндерін айту жағдайы мен мазмұнына қарай “Еңбек әндері”, “Отбасылық (той) салт-дәстүрлік әндер”, “Маусымдық жырлар” және “Балалар әндері” сияқты түрлерге бөлуге болады. Бұлардан басқа, мәдени демалыс кездерінде айтуға арналған лапар, ялла және өлеңдер халық арасына таралған.

Өлең

Әндер көбінесе 7 немесе 8 буынды өлең шумақтары негізінде (сүйемелдеусіз) айтылады. Бұнда шумақтар арасында қайталанып тұратын арнайы қайырма шумақтар болмайды.



ОН, LAYLI

Жылдам, көңілді

Tom bo-shi- da to- g'o- ra, tan- dir to'- la zo- g'o-

ra, zo- g'o- ra- ni yo- pol- may (o'r- toq)

Cho - li kam- pir o - vo - ra.

Балалардың, “Olatoy”, “Tomdan tarasha tushdi” және қазақтың халық әні “Тұсау кесер жыры”, “Малды төлін емізуге шақыру” сияқты әндер де осы жанрға мысал болады.



ТҰСАУ КЕСЕР ЖЫРЫ

Ойнақы

Қазақтың халық әні



Қаз-қаз, ба-лам, қаз, ба-лам, Қа-дам бас-саң, мөз бо-лам!



Күр-ме-уің -ді ше-шей-ін, Тұ-сау-ың-ды ке-сей-ін.

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам!
Қадамыңа қарайын,
Қадамыңды санайын.



МАЛДЫҢ ТӨЛІН ЕМІЗУГЕ ШАҚЫРУЫ

Қазақтың халық әні


Көңілді



Би- е- ні құ- ру-лап, түй- е- ні көс-көс-теп,



Си- ыр-ды ау- қау-лап, еш- кі- ні шө- ре- леп



Ша- қы-рып а- ла -мыз са- уа -мыз, ба- ға- мыз.

Ән үлгілерін кәсіби музыка шығарушылары болған күйшілер мен сазгерлер шығарады. Мұнда олар халық дәстүрлеріне шығармашылықпен сүйенеді. Сазгерлер шығарған әндердің халық әндерінен айырмашылығы көп дауысты болуы, яғни екі, үш, тіпті төрт дауыста шырқауға арналған болуы мүмкін. Сондықтан мұндай әндер көпшілікпен қоғам (хор) болып шырқалады. Сазгер Надим Нархужаевтың «Shaftoliga savolim» (өлеңін жазған Полат Момын) әні халық әндері сияқты жеті буынды өлең шумақтары негізінде шырқалады. Сонымен бірге ол аспаптармен сүйемелденеді.

Осы өлеңді мұғалімнің көмегімен айтуды үйрен. Ол үшін алдымен төмендегі жаттығуларды айтып, дауысыңды келтіріп ал:

Дауысты келтіру жаттығулары:

The image shows three staves of musical notation for voice exercises. A blue triangle points to the first staff, labeled 'а)'. The first staff contains a sequence of notes: G4, A4, B4, C5, B4, A4, G4, F4, E4, D4, C4. Above the notes are two 'v' marks. The staff ends with a double bar line and a key signature change to two flats (Bb, Eb), followed by the notes G3, F3, E3, D3, C3. The second staff, labeled 'б)', starts with a key signature change to two flats and contains notes: G3, F3, E3, D3, C3, B2, A2, G2, F2, E2, D2, C2. The third staff continues with notes: B2, A2, G2, F2, E2, D2, C2, B1, A1, G1, F1, E1, D1, C1. The exercises are designed to train the voice on a seven-note scale and its lower extensions.



SHAFTOLIGA SAVOLIM

Өлеңін жазған **П.Момын**

Әнін жазған **Н.Нархужаев**

Көңілді

Shaf- to - lim, oh, shaf- to- lim, oh, shaf- to -lim, oh, shaf-to- lim,
Qi- zi - lu oq, qi- zi- lu oq, qi- zi- lu oq
shaf - to - lim. Ham- ma men- day se- va- di,
Pish - gan - da ma- za bo- lim. Shaf- to- lim.
Shaf- to- lim.

Shaftolim, oh, shaftolim, (oh),
Qizil-u oq shaftolim.
Hamma menday sevadi,
Pishganda maza bolim,
Shaftolim...

Asta aytib beraqol,
Seni topgan qay olim?
Indamadi shaftolim,
Qiyin ekan savolim,
Shaftolim.





ҚАРАПАЙЫМ МУЗЫКА ҮЛГІЛЕРІН ЕСКЕ ТҮСІРУ. ШУМАҚ ҮЛГІСІ

Әрбір музыкалық шығарманың белгілі бір түзілімі болады. Ал оның сол түзілімі музыка үлгісі деп аталады. Музыканың үлгілері шығармалардың қайсы жанрында жазылғандығы және үлкен-кішілігіне қарай әр түрлі болады. Ең қарапайым музыка үлгілерін халық әндерінде кездестіру мүмкін.

Халық әндері, әдетте, шумақ үлгісінде болып келеді. Бұл үлгі төрт өлең қатары мен оған үйлесімді төрт күй түзілімінен құралған. Бұған жоғарыда көрсетілген «Oh, Layli» өлеңі мысал болады. Сондай-ақ халық музыкалық шығармашылығында қайырымалы шумақ түрі көп кездеседі. Мұнда өлең қатарлары өзгергіш әрбір шумақ арасында келетін қайырма өзгермей қайталанып тұрады. Мұндай түрлер негізінен ялла жанрының жырларына тән.

- ?! 1.** Халық әндерінің қандай түрлерін білесің?
2. «Shaftoliga savolim» өлеңінің авторлары кім?
3. «Тұсау кесер жыры» әнін жаттап ал.

3-сабақ. ЕҢБЕК ӘНДЕРІ


Еңбек әндері — халықтың жер жырту, егін жинау, диірмен тарту, ұршық иіру барысында шығарылған және шырқалған.

Орындалатын еңбектің түрлеріне қарай осы әндерді мал шаруашылығы, егіншілік және қолөнершілік әндері топтарына бөлуге болады.

Атап айтқанда, егіншілік әндері өзінің маусымына қарай өзгеріп отырған. Себебі, жер жырту кезінде “Qo’sh haydash” (Жер жыртушы әні) орындалған болса, егінді жинап алуда “Орым әні” айтылған. Ал “Хо’р hayda” әні қырманда астық бастыруда орындалған.

ХО’Р HAYDA

Орташа




Хо’р hay - da -yo хо’р hay -da, xir - mon - ni qil - gil may - da,
Xir - mon - ni qil - ma - sang may - da sen - lar - ga ti - nim qay - da.

Қолөнершілік әндері кілем тоқығанда, тақия тіккенде, ұршықта жіп иіргенде айтылған:

URCHIQ

Орташа



E - shik ol - di - da qum - loq, me - ning i - pim yu - ma - loq,
E - lak i - chi - da ke - pak, me - ning ip - gi - nam i - pak.

Ал мал шаруашылығымен өмір бойы айналысып келе жатқан қазақ халқы балаларын жастайынан еңбектің сол түріне баулып өсіреді. Жастайынан құлаққа құятын әндердің мазмұнының бәрі төрт түлік малды өсіріп бағуға арналады. Солардың бірі – “Бас бармақ, балаң үйрек”.

ОТАН

Өлеңін жазған **Д.Әбілов**

Әнін жазған **Л.Хамиди**

Орташа

1. О-та-ным, кең да-лам ор-ман-ды, Бо-лат-тан со-ғыл-
ған қор-ған-ды. Ба-қыт-тың, шат-тық-тың ме-ке-
ні, Қол-дай-мын, қор-ғай-мын ор-дам-ды.

Қайырмасы:
Ту-ған жер — ал-тын таң, Кең да-
лам, тау-лы ор-ман Ұл мен қыз қор-ғай-мыз
Ба-қыт-ты ұ-лы О-
тан, ұ-лы О-тан!

Айдын көл, дарқан ел, туған жер,
Жастарың — жалынды жауынгер.
Жарқын жаз — үйрек-қаз жүзетін,
Күміс су, кең байтақ жасыл бел.

Қайырмасы.

Сәнді тау, бақша-бау, шалқар көл,
Малға жай, кенге бай, туған ел.
Тәтті күй, әсем би, сұлу ән,
Ойнайды ер, шырқайды ел, шаттық жел.



ДО-МАЖОР ТОНАЛЬДІГІ

До-мажор тональдігінің негізгі тірек пердесі (тоникасы) “до” дыбысы болып табылады.

Осы мажор дыбыс қатары “до” пердесінен басталып, жоғарыға қарай төмендегіше түзіледі:



Есіңде болса, мажор дыбысқатарында жарты тондар III пен IV және VII мен VIII (I) басқыштар арасында жүзеге келеді. Сондай-ақ, I, III және V басқыштағы дауыстар тұрақты, ал II, IV, VI және VII басқышты дыбыстар тұрақсыз болып табылады. Сен үйреніп жатқан “Отан” әні до-мажор тональдігіне айқын мысал бала алады



Төмендегі мысалды 2/4 такт өлшемде дирижёрлік етіп, ноталар негізінде әнін айт:

JIYDA

Өлеңін жазған **П. Полатов**

Әнін жазған **Х. Полатов**

Асықпай



Jiy-da - jiy - da, jon jiy - da. Chi - lon jiy - da, non jiy - da,
Jon-ga da - vo a-sal-san, do - ri - dar-mon, qon jiy-da.

- ?! 1.** Еңбекке қатысты қандай әндерді білесің?
2. «Отан» өлеңін жаттап ал.
3. До-мажор тональдігі туралы айтып бер.

4-сабақ. ЛАПАР

Лапарды екі адам (немесе екі жаққа бөлінген көпшілік) айтыс ретінде жырлайды. Мұнда екі жақ кезектесіп, “сұрақ-жауап” түрінде келетін өлең шумақтарын айтады. Халқымыз арасында белгілі болған “Bilakuzuk”, “Qoraqosh”, “Qilpillama” сияқты лапарлар осындай әндерге жатады. Балалардың “Oq terakmi, ko‘k terak” жыр-ойынында да лапар ерекшеліктері бар.

Кейде лапарларда би сипатына ие даң тәсілдері де қолданылып, лапар орындаушылардың кезекпен биге түсіп, ән айтуларына себеп болады. Лапарды сазгер мен музыкашылар да жазады. Бұған сазгер Мардан Насимовтың «Bizdan sizga kim kerak?» жыр-ойыны мысал болады:

- 🕒 Балаларға арналған лапар әндерінен тыңда.

BIZDAN SIZGA KIM KERAK?

Сөзін жазған **Й.Қурбанов**

ӘНІН ЖАЗҒАН **Ж.Ғабдолдаев**

mf **Орташа екпінмен**

Qo' - zi - choq - dek sak - ra - shib, sak - ra - shib,
di - kir - di - kir o'y - nay - miz, o'y - nay - miz. Er - kin qush - dek
yay - ra - shib, yay - ra - shib, sho'x - sho'x qo' - shiq kuy - lay - miz,
kuy - lay - miz. Oq te - rak - mi, ko'k te - rak,
biz - dan siz - ga kim ke - rak? Ay - tin - giz, kim ke - rak?

Qizlar: Qo'zichoqdek sakrashib-sakrashib,
Dikir-dikir o'ynaymiz, o'ynaymiz.
Erkin qushdek yayrashib-yayrashib,
Sho'x-sho'x qo'shiq kuylaymiz,
kuylaymiz.

Oq terakmi, ko'k terak,
Bizdan sizga kim kerak?
Aytingiz kim kerak?

Bolalar: «Gulchehra kerak».

Qizlar: Maysazorda jo'sh urib, jo'sh urib,
Gijinglagan toychoqmiz, toychoqmiz.

Biz mayizni qirq bo'lib, qirq bo'lib,
Yeganlardek inoqmiz, inoqmiz.

Oq terakmi, ko'k terak,
Bizdan sizga kim kerak?
Aytingiz kim kerak?



Bolalar: «Gulchehra kerak».

Hamma: Bog'chamizning guliga, guliga,
Mehr qo'yib qaraymiz.
Baxmal gullar qo'ynida, qo'ynida
Kapalakdek yayraymiz, yayraymiz.



3/8 өлшемі

3/8 өлшемі жылдам екпінмен орындалатын музыкалық шығармаларда қолданылады. Бұл өлшемнің жоғарыдағы “3” цифры бір такт ішінде үш үлес бар екендігін, төмендегі (бөлімдері) “8” саны, бұл үлестердің әрбірі сегіздік созымдылыққа тән екендігін аңғартады. Мұнда үш үлестіктен бірінші үлес күшті, екінші, үшінші үлестер күшсіз болады.



3/8 өлшемінде дирижёрлік еткенде оң қол қимылы төмендегідей болады: “бір” дегенде – қол жоғарыдан төменге түседі, “екі” дегенде – қол төменнен оңға қарай әрекеттенеді де “үш” дегенде – оңнан жоғары қарай көтеріледі.

5-сабақ. ЯЛЛА

Ялла — көптеген ерекшеліктерімен, соның ішінде, биге бейімділігі және көпшіліктің қатысуы жағынан лапарға ұқсас жанр. Бірақ лапарда екі жақ болып айтысу қажет болса, ал яллада өлең, әуен мен бидің тұтастығы біршама орын алады. Сондай-ақ, ялланың лапардан өзгешелігі — шумақ-қайырма түрінде болады. Мұнда яллашы (жеке) биге түсіп, шумақтарды айтса, ал қайырманы көпшілік қосылып айтады. Яллада биге сәйкес даң ырғағы мен әр түрлі аспаптардан тұратын топ сүйемелдеуі қолданылуы мүмкін.

⊙ «Yallama yorim» халық ялласын тыңда.

YALLAMA YORIM

Qal- dirg'och qo-ra e- kan, qa- no- ti o- la e- kan,
yosh-lik-da-gi o'r-toq- lar bir u- mr- ga do'st e- kan.
Yal- la- ma yo- rim, yal- lo- la, yal- lo- la- shay- lik,
o'r- toq- la- shay- lik, uch- ta - to'rt- ta
bir bo'- lib, suh- bat- la- shay- lik.

Өлең мәтінінде кездесетін нүктелі ноталарға назар аудар. Нотаның оң жағына қойылған бір нүкте сол нотаның созылуын тағы да жарты есе ұзартатынын ұмытпа:



ҰСТАЗ – ҮЛГІ-ӨНЕГЕ, ҰЛАФАТЫМ



1-қазан – Ұстаздар мен тәлімгерлер күні

Мұғалім — құрметті де жауапты мамандық. Ол әр-қашан оқушылардың ортасында болады. Ұстаз сендерді үлгілі, мәнді өмір сүруге, еліміздің адал, білімді азаматы болып өсуге тәрбиелейді.



ҰСТАЗ

Өлеңін жазған **Ф.Орманов**

Әнін жазған **Ж.Ғабдолдаев**

Е-жел-ден ел-ге сүй-кім-ді, Ұс-та-зы
 бо-лу ба-ла-ның, Ө-зім-де сү-йіп,
 бір түр-лі, Жа-ны-ма жа-қын ба-ла-дым,
 Ө-зім де сү-йіп, бір түр лі, Жа-ны-ма

жа- қын ба- ла- дым

кеу- де- де.

Ежелден елге сүйкімді,
 Ұстазы болу баланың.
 Өзім де сүйіп, бір түрлі,
 Жаныма жақын баладым. } 2 рет

Жасынан алып қасыңа,
 Баланы баулып қаршадай,
 Ұқсадың қимас досына,
 Болысқан әсте шаршамай. } 2 рет

?!

1. Ялла жанры туралы айтып бер.
2. Ялла жанры қай жақтарымен лапардан өзгешеленеді?
3. “Bizdan sizga kim kerak?” әнінен алған әсеріңді айтып бер.
4. Жаттаған “Jiyda” әнін айтып бер.

6–7-сабақтар. ӨЗБЕК ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Саналуан өзбек халық музыкалық аспаптарын үш топқа бөлуге болады:

1. Ішекті аспаптар.
2. Үрмелі (үрлемелі) аспаптар.
3. Соқпалы-үрмалы аспаптар.

Ішекті аспаптарда дыбыс шығаратын құралдар әр түрлі. Солардан дутар мен домбыра аспаптары

шертіп тартылады. Танбур ішектері сұқ саусаққа киілетін арнаулы тетік — “нохун” (металдан жасалады) құралымен ойналады.



Дутар



Танбур

Қонун аспабы да саусақтарға киілетін арнаулы нохундар арқылы тырнап ойналады.



Қонун


Қашқар рубабы, ауған рубабы, уд секілді аспаптар медиатормен (мезроб) ойналады.



Қашқар рубабы



Ауған рубабы




Уд



Уд

Ішекті аспаптар арнаулы ысқышпен ойналады. Сато, ғижжак, қобыз — осындай ішекті-ысқышты аспаптар.



Сато



Ғижжак



Қобыз

Чанг аспабы екі таяқшамен ұрып және шертіп (тырнап) ойналады.



Чанг



АЖАМ II (taronasi)

Орташа жылдамдық

Musical score for 'АЖАМ II (taronasi)'. It consists of three staves of music. The first staff is in 2/4 time and contains a melodic line. The second staff is in 2/4 time and contains a bass line. The third staff is in 2/4 time and contains a melodic line. The piece ends with a double bar line and repeat dots.



МАКТАВ

Өлеңін жазған **К.Турдиева**

Әнін жазған **Ж.Абдурахманов**

Орташа жылдамдық

Musical score for 'МАКТАВ' with lyrics. It consists of four staves of music. The first staff is in 2/4 time and contains a melodic line with lyrics: "Bu qan-day a- ziz dar - goh, Mu-qad-das". The second staff is in 2/4 time and contains a bass line with lyrics: "biz-ga har chog'. «Bi-lim», deb bosh-lar yo'l-ga, biz-lar-ni". The third staff is in 2/4 time and contains a melodic line with lyrics: "ta-nish yo'l-ka. Qi- la-san hi- sob-ki-tob, be-ra- san sa-". The fourth staff is in 2/4 time and contains a bass line with lyrics: "vol - ja-vob. Qo'-ling-da daf- tar - qa-lam, un-".

Naqarot:

da qu-vonch-li o-lam! U-ni so'z-lay-miz maq - ta -b, U-ni
a-tay-miz «Mak-tab!» Un-da har ku-ni quv- noq Ja-rang-lay-di,
ja -rang -lay - di qo'n - g'i - roq,
qo'n - g'i - roq, mak - tab!

O'quvchi, ustoz yurti,
Uning ishi – «O'qi, yoz» yurti.
O'rgatadi do'stlikka,
Doim to'g'riso'zlikka.

Qilasan hisob-kitob,
Berasan savol-javob.
Qo'lingda daftar-qalam,
Unda quvonchli olam!

N a q a r o t :

Uni so'zlaymiz maqtab,
Uni ataymiz – «Maktab!»
Unda har kuni quvnoq
Jaranglaydi qo'ng'iroq.



1. Төмендегі нота мысалының 3/8 өлшеміне сәйкес такт сызықтарын қойып шық:

QUVNOQ BOLALAR

Көңілді

Әнін жазған **Х. Мухамедова**



2. Өзбек халық аспаптары неше топқа бөлінеді?
3. Ішекті-шертпелі аспаптардың атын атап бер.
4. Ішекті-ысқышты аспаптардың атын атап бер.
5. Ішекті-ұрмалы аспаптардың атын айтып бер.



ҚОРҚЫТ

(IX ғасыр)

Қорқыт VIII—IX ғасырларда ғұмыр кешкен оғыз-қыпшақ тайпаларының ұлы ойшылы, алдағы күнді болжаған көріпкелі және шебер күйшісі болған. Қорқыт — қобыз аспабының құдіретін танытқан ұлы күйші. Ол қобызды тек бақсы-балгер мен кезбе дуаналардың қолында



жүретін жай құрал есебінде емес, нағыз халықтық музыка аспабы ретінде таныта білді. Қобыздың құдіретті үнін, Қорқыт күйлерін қазақ қобызшылары рухани мұра етіп ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді. Оның “Қорқыт”, “Аққу”, “Әуіппай”, “Башпай”, “Желмая”, “Елім-ай”, “Халқым-ай”, “Тарғыл тана”, “Ұшардың ұлуы”, “Сарын” I, II, “Қоңыр”, “Байлаулы киіктің зары” және т.б. күйлері сақталған.

Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құймақұлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде керемет ойнайды екен. Алайда ол оған қанағаттанбай, адам мен жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Он ойланып, жүз толғанады. Қарағай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ ары қарай қалай, не істерін білмей қиналады.

Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: “Қорқыт, жасап жатқан қобызың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар түйенің терісінен жасалған шанақ, ортекенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен”, — деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала, осы айтылғандардың бәрін жасайды.

Енді осы Қорқыт атаңның “Ұшардың ұлуы” атты күйін тыңдап көр.



ҰШАРДЫҢ ҰЛУЫ

Қорқыт атаның күйі

Қобыз— ысқышпен ойналатын ішекті музыкалық аспап. Мойны имек келетін бұл аспап сол қол саусақтары тырнақтарының сыртын ішекке тигізу арқылы ойналады. Аспаптың шанағы терімен қапталып, ысқыштары мен ішектері жылқының қылынан жасалады. Ертеде қобызды бақылар құдіретті күш ретінде пайдаланған. Бүгінде қобыз аспабында ойнау шеберлігінің күрделенуіне байланысты төрт ішекті қобыз да пайда болды. Бұл қобыздың ішектері сымнан жасалады.



8–9-сабақтар. ҮРЛЕМЕЛІ, СОҚПАЛЫ-ҰРМАЛЫ АСПАПТАР


Дәстүрлі халық мерекелерін, серуені мен тойларын керней-сурнайдың, даң-нағараның үнінсіз елестетіп болмайды. Өйткені, бұл аспаптар негізінен шаттық күндердің хабаршысы ретінде халықтың рухани тұрмысынан орын алған.



Сурнай



Керней



Даң

Нағара

Бұлардан басқа, най, қоснай, сыбызғы, буламан, шаңғауыз сияқты үрлемелі аспаптар да бар.



Най

Қоснай

Шаңғауыз

Сыбызғы


Буламан

⦿ Үрлемелі және соқпалы-үрмалы аспаптардың орындауында күй тыңда.



Минор дыбысқатары

Минор дыбысқатары мажор секілді тұрақты және тұрақсыз басқыш дыбыстардан құралады. Минорда да тұрақты дыбыстар I, III және V басқыштарға, ал тұрақсыз дыбыстар II, IV, VI және VII басқыштарға сәйкес келеді.



Сонымен бірге, минор дыбысқатарының мажор дыбысқатары түзілісінен ерекше айырмашылығы да бар: минор дыбысқатарында жарты тондар II және III, сондай-ақ V және VI басқыштар арасында жүзеге келеді.



Орташа тез

ля-минор



?! Қайталауға арналған сұрақтар және тапсырмалар

1. Өзбек және қазақ халық әндері туралы нелерді білесің?
2. Өзбек халық аспаптары неше топқа бөлінеді?
3. Ішекті аспаптар аттарын атап бер.
4. Үрмелі аспаптар аттарын ата.
5. Қандай соқпалы-ұрмалы аспаптарды білесің?



ДАҢ (доира)



Бұрынғы өткен заманда бір елдің саудагерлері сауда жасау үшін сапарға аттаныпты. Жолдары Мәлік Шөлден өтеді екен. Жол жүріп, жол жүрсе де мол жүріп Мәлік Шөлдің ортасына барып қалыпты.

Жолда сулары таусылып қалыпты. Сусыздыққа шыдамай бірінен соң бірі әлден тайып құлай бастапты. Керуенде бір жігіт бар екен. Ол өзінің месіндегі ақырғы суды сапарластарының аузына тамызып құя бастапты. Адамдар біраз өздеріне келіпті, бірақ бәрібір ыстық пен шөлден жолға түсе алмапты. Сонда баяғы жігіт ойлап-ойлап, судан босаған месті жарып, арбаның дөңгелегіне керіп тартыпты да күнге қаратып қойыпты. Содан соң оны даңылдата бастапты. Дауысына сүйсініп, қаттырақ даңғырлатыпты. Бара-бара оның дабыры бүкіл шөлді үрейге салыпты. Әдеттегіден тыс кермет дауыстан адамдар да есін жиып, қимылдай бастапты. Оларда күш-қуат пайда болыпты. Дауыс құмтөбеден құмтөбеге өтіпті. Ақыры шөлдің арғы шетінде бара жатқан басқа керуенге жетіпті. Керуендегілер: «Керуен апатқа ұшырапты, болмаса мұндай дауыс шығармас еді. Көмекке шақырып жатыр, бару керек», — деп, оларға жетіп барыпты. Су беріп, апатқа ұшыраған саудагерлерді өздерімен бірге саудаға алып кетіпті. Содан бастап даң даңғырлай бастаса, адамдарда сергектік, батылдық, ержүректілік көңіл күйі оянатын болыпты. (**«Өзбек көне қолжазбалары, хикметтері, аңыздары»** кітабынан)

ЕКІНШІ ТОҚСАН

МЕРЕКЕ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮР ӘНДЕРІ

1-сабақ. ЖАЛПЫ ТҮСІНІК



Өзбек халқының өткен өмірі барысында мереке сипатын алған көптеген салт-дәстүр, серуені мен түрлі ойын-сауықтары қалыптасқан. Мысалы, бесік той, сүндет той, мүшел той, үйлену тойы, көкпар сайыстары, арқан үстінде ойнау сияқты тамашалар мен серуендер осыларға жатады. Бүкіл халықтық мереке мен салт-дәстүрлердің өткізілуі көбінесе күз маусымына тура келген жаңа еңбек маусымы — ерте көктемге дейін жалғасқан. Себебі, дәл осы кезде диқандар егіндерін жинап, жұмыстарын бітіріп, демалуға көбірек уақыттары болған.

Бұл бұқаралық мерекелерді өткізуде музыканың маңызды орны бар. Солардан сурнай, керней және нағара мен даң аспаптарынан құралған топ әуендері салтанатты естіледі. Бұл аспаптар бір уақыттың өзінде әрі көркем тыңдау, әрі жаршы міндетін атқарады. Керней, сурнай әуендері халыққа салтанаттың, мерекенің басталғаны туралы хабар берсе, екінші жағынан, топтың орындауындағы әсем ән-күй әуендері шаттық сезімдерді байқатады.

Әрбір ойын-сауыққа қатысты арнаулы орындалатын күйлер де жүзеге келген. Мысалы, арқан

үстіндегі ойын және қуыршақ ойындарында “Dorbozi”, “Duchava”, “Charx” атты күй әуендері орындалған.

Масқарапаз бен күлдіргіштердің тамашаларында, сондай-ақ ат ойындарында “Oz-oz”, “Yuz bir”, “Ot Eroni”, “Norim-norim” сияқты күйлер орындалған. Сонымен бірге халық серуендері, мереке мен той салт-дәстүрлерінде өлең мен әндер де шырқалған.

- “Шарх” атты күйді тыңдап, оны сипаттап беруге әрекет жаса.

SHARX II

Жылдам

The musical score for "SHARX II" is presented in a five-staff format. The first staff contains the main melody, starting with a treble clef and a 2/4 time signature. The second staff provides the bass line, beginning with a bass clef. The third, fourth, and fifth staves are additional melodic lines, each starting with a treble clef. The music is marked "Жылдам" (Allegretto) and includes various rhythmic patterns, rests, and dynamic markings such as "p" (piano).

▲ Дауысты келтіру жаттығулары.

Асықпай

а)

ә)

△ “Құтты болсын мереке” өлеңін шумақ-шумағымен әндетіп айтуды үйрен.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕКЕ

Өлеңін жазған **Т.Рахимов** Әнін жазған **Ж.Еңсепов**

Көңілді

Шертіп сы-ры мол күйді, Жү-ре-гі-міз тол-қи-ды,
Кө-кі-рек-ті кер-ней-ді (ән). Барлық ұс-таз а-пай-лар,
Бар-лық ұс-таз а- пай- лар! Құт- ты бол- сын,
құт- ты бол- сын төл мей- рам!

Қайырмасы:

Барлық ұстаз апайлар,
Барлық ұстаз ағайлар!
Құтты болсын,
Құтты болсын төл мейрам.} 2 рет
Би билейміз, талмаймыз,
Әнімізді арнаймыз
Ұстаздардың бәріне.

БОЛАЙЫҚШЫ ОСЫНДАЙ



Өлеңі мен әнін жазған **А.Меңжанова**

Көнілді

Жақ-сы ба-ла ең-бек-шіл Ер а-за-мат бо-ла-ды, Қи-ын-дық-ты
же-ңіп кіл, Құ-ша-ғы гүл то-ла-ды. Ең-бек-шіл
о-сын-дай, Бо-лай-ық-шы о-сын-дай.

Таза бала мұнтаздай,
Сүйсінеді қараған.
Ұқыпты деп бұл қандай,
Жақсы көрер бар адам.

1. “Құтты болсын мереке” әнінің нота жазуында кездесетін қайталау белгісін анықта.
2. “Болайықшы осындай” әнінің сөзін жаттап алыңдар.

2–3-сабақтар. ТОЙ САЛТ-ДӘСТҮРІ ӘНДЕРІ


Той — «өз атымен, жақын достар, туған-туысқандар дидарына, дәмді тағамдарға, жақсы ән мен күйге бөленетін, күрес пен көкпарға, ойын-сауыққа, мереке шаттығына, күлкі мен қуанышқа тою болып табылады»¹.

Той мерекелерінде музыка маңызды орында тұрады. Мұнда әрі аспапты музыка, әрі ән шырқау көрініс табады. Атап айтқанда, той дәстүрлеріне, сурнай мен нағарадан құралған топтың орындауында таралған ән-күйлер халыққа той басталғанын хабарлайды және тыңдарманның салтанатты түрдегі мерекелік көңіл-күйін оятады, би билеуге шақырып, оны сүйемелдейді.

Тойларда, әдетте, “Navo”, “Navo Charxi”, “Begi sulton” сияқты күйлер орындалады.

SURNAY NAVOSI

Салмақты



¹Махмұд Саттар. “Өзбек әдет-ғұрыптары”, Т., Фан. 1993 жыл. 113-бет

Келінді күйеудің үйіне ұзатып әкелу кезінде әйелдер айтатын “Yor-yor” әні өзбек халқының үйлену тойы дәстүрінің ең әдемі ән үлгісі есептеледі. Ал үйлену тойының ертеңіне таңертең күйеудің ата-анасы, туған-туысқандары мен көршілеріне келін атынан “Kelin salom” дәстүрі өткізіледі. Арнайы “Kelin salom” айтушылар белгілі бір әуенмен сәлем жолдап тұрады, ал келін иіліп сәлем салады.

YOR-YOR

Орташа

Hay-hay o'-lan, jon o'-lan(o) ke-lin kel-di,

yor - yor - ro ke-lin kel-di, Qo'-shiq

bi - lan (o) to'y bi - lan(o) ke-lin kel-di.

ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНЫҢ ӘНДЕРІ МЕН КҮЙЛЕРІ

Тұрмыс-салт жырларының бірі — үйлену тойының әндері мен күйлері. Үйлену тойының әндеріне жар-жар, беташар жатады. Жар-жар қазақ халқының үйлену тойларында айтылады. Оны тойға жиналған жігіттер мен қыздар орындайды. Олар екі жасқа жақсы ниет, тілектер айтады. Ата-ананың арман-тілегін, ананың ақ сүтін ақтауды міндет етеді.

Беташар — жас келінге өлең түрінде айтылатын ақыл-кеңес. Онда келінді елін сүйге, ата-енесін ардақтауға, инабатты, әдепті болуға шақырады.

БЕТАШАР

Айт, келін-ау, айт, келін,
Атыңның басын тарт, келін.
Сауысқаннан сақ келін!
Жұмыртқадан ақ келін!



ЖАР-ЖАР

Өлеңін жазған **Ә.Асылбеков**

Әні халықтікі

Ос(ы) ө-мір-ге ы-лай-ық, от-ты жа-ғып жар-жар Ке-ле-д(i) өне

е-кі жас, топ-ты жа-рып, жар-жар. Ұ-ял-маң-дар, ке-лің-дер,

күтудеміз, жар-жар. Бүгін-гі күн та-ма-ша! Кел жыр-лай-ық, жар-жар!



ТОЙБАСТАР

(Қазақтың халық әні)

Көңілді

Бел-гі-сі той қылғанның о- тау жа-бар ой, Қи-қу сап,

жас ба- ла- лар ат- қа ша-бар ой, Той қыл-ған

қыз ө- ке-сі мыр-за бол-са ой, Жі- гіт- ке той бас-
та-ған ша- пан жа-бар ой. Ақ-сай де-ген же-рі-міз

Қайырмасы:

кең жай- ла- ған е- лі- міз. Үй- рек ұ - шып,
қаз қон- ған, Да- р(и) я шал- қар кө- лі- міз.

Белгісі той қылғанның отау жабар,
Қиқу сап, жас балалар атқа шабар.
Той қылған қыз әкесі мырза болса,
Жігітке той бастаған шапан жабар.

Қ а й ы р м а с ы :

Ақсай деген жеріміз,
Кең жайлаған еліміз.
Үйрек ұшып, қаз қонған,
Дария шалқар көліміз.



MUNOJOT

Салмақты соль-мажор



Құрметті оқушылар! Сендер нотаға қарап жаттыққан музыка үлгісі халқымыздың ежелден сүйіп айтатын “Munojot” күйінің басталу бөлігінен алынған.

Өзбекстан халық әртісі, музыкант әрі сазгер Имамжан Икрамов (1891—1980) бұл күйге ұлы Әлішер Науаиының “Sarvi gulro‘ kelmadi” ғазеліне лайықтап музыкасын жазған. Бұл ән былай басталады:



Имамжан Икрамов


MUNOJOT

(Sarvi gulro‘ kelmadi)

Ә.Науаи ғазелі

Әнін жазған **И.Икрамов**

Салмақты



Егер назар аударған болсаң, “Munojot” әні сендер нотаға қарап орындаған “Munojot” үзіндісінен біраз өзгешелеу, яғни ән жолының күйі 4/4 такт өлшемінде емес, 2/4 такт өлшемінде берілген.

Имамжан Икрамов – “Cho‘li Iroq”, “Ajam” атты классикалық күйлеріне де Ә.Науаинның ғазелдерін байланыстырып, оларды халқымызға ұсынған атақты өнер иесі. Сонымен бірге Имамжан Икрамовтың “So‘lim”, “Indamadi”, “Gul teraman saralab”, “Topilmas”, “Qoshi qarosini ko‘ring”, “Ul qaro ko‘z”, “Kim desun” сияқты көптеген өлеңдері мен әндері халқымыздың жүрегінен терең орын алған.

VATAN MENRI

Өлеңін жазған **Ж. Жаппаров**

Әнін жазған **И. Икрамов**

Салтанатты

Va-tan, sen, be-ba-ho gul- bog'-ni sev - dim,
 Yash-na-gan sha- har- lar, qish- loq -ni sev - dim.
 Su-vi shar- bat-shi - rin bu- log' - ni sev -dim,
 Bax-tim-ga nur soch-gan chi-roq' - ni sev -dim.
 Qa-d(i)r-don yo- ru do'st, o'r-toq - ni sev -dim.
 Sen-da xalq-lar


o- zod, o'-zing mu-zaf- far, G'a-la-bang
 us- ti- ga g'a - la - ba, za-far. Ja-hon-ga
 tar-qa-lar sen-dan xush-xa-bar, Bax-tim-ga
 nur soch - gan chi - rog' - ni sev - dim,
 Qa-d(i)r - don yo- ru do'st, o'r-toq-ni sev-dim.

Vatan, sen, bebaho gulbog'ni sevdim,
 Yashnagan shaharlar, qishloqni sevdim.
 Suv shariat – shirin bulog'ni sevdim,
 Baxtinga nur sochgan chirog'ni sevdim,
 Qadrdon yor-u do'st, o'rtoqni sevdim.

Senda xalqlar ozod, o'zing muzaffar,
 G'alabang ustiga g'alaba, zafar.
 Jahonga tarqalar sendan xushxabar,
 Baxtinga nur sochgan chirog'ni sevdim,
 Qadrdon yor-u do'st, o'rtoqni sevdim.

?!

1. Қандай той әндері мен өлеңдерін білесің?
2. Төмендегі ноталарда жарты тондар қайсы дыбыстар аралығында орналасқан?



АЙТЫС ӨНЕРІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қазақ халқының өмірінде жыраушылық, термешілікпен қатар табан астында өлең шығаратын суырыпсалмалық өнер де кең дамыған.

Халқымыз жиын-тойларда бір-біріне өлеңмен тез жауап қайтаратын **сөз жарысын** ұйымдастырған. Кейін келе өнер жарысына, айтысқа айналған.



Айтыс атауы “айтысу” деген сөзден шыққан. Ол өлең сөзбен жарысу, сайысу, дауласу, тартысу, сынасу мағынасында қолданылады. Айтысу қара сөзбен де, күй тарту арқылы да, суырыпсалма өлеңімен де болуы мүмкін. Мұның бәрі де аса тапқырлық пен қалт жібермес алғырлықты, қиыннан қиыстыратын қас шеберлікті талап етеді.



ДОМБЫРАСЫЗ СӘН ҚАЙДА?

Өлеңін жазған **Х. Талғаров**

Әнін жазған **Н. Нүсіпбаев**

Көңілді



Ел - дің жы - рын жыр - ла - ған, Қай-ғы- сын-да



тол - ға - ған, Дом- бы- ра - сыз еш - қа - шан



Жү - рек - ке ем қон - ба - ған. Дом- бы- ра - сыз

Қайырмасы:



сән қай - да, Дом- бы - ра - сыз ән қай - да.



Ән мен күй бар ө - мір - де, От та лау- лап



жан - бай ма, жан - бай ма?..

Құрманғазы, Тәттімбет
Домбырамен сайраған.
Жүрекке от жақсын деп,
Елге күйін арнаған.

Қ а й ы р м а с ы :

Домбырасыз сән қайда,
Домбырасыз ән қайда.
Ән мен күй бар өмірде,
От та лаулап жанбай ма?..

?!

1. Айтыс өнері дегеніміз не?
2. “Домбырасыз сән қайда?” әнінің әуені мен сөзіне мән бер.

4-сабақ. ХАЛЫҚ БИЛЕРІ

Би – бұл өнер түрі, онда адам сезімдерін, белгілі бір оқиғаларды қол, аяқ және дене қимылдары арқылы көрсетіледі. Әрбір халықтың сүйікті ән-күйлері болғаны сияқты ұлттық билері де бар.

Өзбек халқының “Lazgi”, “Dilxiroj”, “Tanavor”, “Andijon polkasi” сияқтыларды осындай билердің қатарында айтуға болады. Бұл билер, әр түрлі халық мерекелерінде, той-дәстүрлерінде және отбасылық жиындарда орындалған.

Халық билері өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне ие болып, олар бидің күйінде, ырғағында және биші қимылдарында анық байқалады. Мысалы, орыстардың “Камаринше биі” өзгеше қызықты, әзілқойлығымен өзіне еріксіз тартады.



КАМАРИНШЕ БИ (КАМАРИНСКАЯ)

Әзілнама



Украиндардың көңілді “Гопак” биінде адамның ептілігі мен шапшаң қимылы көрсетіледі.



ГОПАК

Жылдам



Белорустардың өміршең “Бульба” ән-биінде картоп¹ өсімдігін егуден бастап, оның өнімін жинап алғанға дейінгі еңбек барысы бейнеленеді.



БУЛЬБА

Көңілді

Из меш - ка бе - ри кар - тош - ку и пи - тай - ся
по - нем - нож - ку; мо - жешь есть е *f* ё ва - рё - ной
иль в мун - ди - ре за - пе - чён - ной. *Припев:* Трам - там - там, та - ра -
рам, там - там, без кар - тош - ки
ху - до нам, без кар - тош - ки ху - до нам.



¹ «Картоп» сөзі белорус тілінде “бульба” деп аталады.

“Shag’ala” (чағалай) қарақалпақ биінде ұлттық халық ойыны қимылдары өлең айтумен байланысты болып келеді. Мұнда шағала құсының балық аулауын әр түрлі қимыл жолымен көркем бейнелейді.



SHAG’ALA



Қарақалпақтың халық ойын-әні

Көңілді

Shaq sha-g'a- la sha- g'a- la Jap- tin' bo-yin ja- g'a- la
I- lay suw-da ba- liq bar A- lal- may-san' sha-g'a- la.

Қазақтың қызықты биі “Ұтыс” деп аталады. “Ұтыс” – би жарысы. Би суырыпсалмалық тәсілмен күрделі қимылдар жасау арқылы орындалады.

Жарысқа қатысушы бишілер кезек-кезек шығып, әр түрлі ырғақ екпінімен ширыға қимыл-

қозғалыс жасап, бір-бірінен өнерлерін асыруға тырысады.



ҰТЫС

Қазақтың халық биі

The musical score is written for piano in 2/4 time, with a key signature of one flat (B-flat). It consists of four systems of two staves each. The first system includes a repeat sign. The melody is primarily in the right hand, while the left hand provides harmonic support with chords and moving bass lines.



1. Халық билері жөнінде нелерді білесің?
2. 2/4 такт өлшемінде қанша үлес бар?
3. 3/4 такт өлшемінде қанша үлес бар?
4. Төмендегі ноталарда жарты тондар қайсы дыбыстар арасында орналасқанын анықта.

The notation shows three segments of a melodic line on a single staff. Segment a) contains four notes: G4, A4, B4, C5. Segment ә) contains four notes: G4, A4, B4, C5. Segment б) contains four notes: G4, A4, B4, C5. The notes are connected by a line, indicating a continuous melodic phrase.

5. «Shag'ala» би-өнін ноталар негізінде орында.

5–6-сабақтар. ӘЛДИ ТУРАЛЫ ӘНДЕР

Халқымыздың дәстүріне сай, жанұяда жаңа туылған тұңғыш перзент құрметіне бесік той өткізіледі. Осы кезден бастап сәби өмірінде маңызды болған 2-3 жылдық “бесік кезеңі” басталады. Ана сәбиін ұйықтату мақсатында бесікті тербетіп, арнайы ән айтады. “Бесік кезеңінде” айтылатын мұндай әндер “Әлди” немесе “Бесік жыры” деп аталады. Аналардың шығарған бұл әндеріңде баланы жұбату сөздері мен ананың сәбиіне айтар арман-ниет шумақтары жырланады. “Әлди естіп өскен сәби болашақта өз ата-анасына мейірімді, иманды, нанымды, туған жер топырағына, ел-жұртына шын берілген, отансүйгіш, адамдарға тілектес болады.”¹

🕒 «Алла» әнін тыңдап, одан алған әсеріңді айтып бер.

ALLA (ӘЛДИ)

Асықпай Өзбектің халық туындысы

Al- la ay- tay, jo-nim

bo-lam, shi-rin qo'- zim, al - la.
bo-lam, qu-loq sol- gin, al - la.

Shi - rin al - lam ting- lab as - ta
Sen qu - von-chim, if - ti - xo - rim,

ux - lab qo' - gin, al - la.
ko' - rar ko' - zim, al - la.

¹ Ғасырларға тең келетін әндер. Құрастырушылар: И.Абдурахманов, Ж. Ешанкулов. Ташкент. 1991, 5-бет

Элди жырларын музыканттар мен сазгерлер де шығарады. Солардан бірі, австриялық сазгер Вольфганг Амадей Моцарттың “Элди” өні даңқты болып, ол өзбек тілінде былай жырланады:

ALLA (ЭЛДИ)

Өнін жазған **В. Моцарт**

Асықпай

Yot, bo - lam, ux - la qo' - zim,

Uy - lar - da o'ch - di chi - roq.

Ux - lar a - sal - a - ri - lar,

Ux - lar ba - liq - lar tinch - roq.

Ko'k - da oy yar - qi - ray - di.

De - ra - za - dan qa - ray - di.

Ko'z - la - ring yum - gin, qo' - zim,

yot qu - von - chim, kun- du - zim, Al-
la - la- la.




БЕСІК ЖЫРЫ

Өлеңін жазған **Қ.Сыдықов**

Әнін жазған **А.Жайымов**

Асықпай, тербелте

Тер- бе-тей- ін ән-жыр - мен, Ай- на-лай-ын, бө-пе-
шім. Әл- ди, әл- ди, әл- ди - мен
Ұйық-тап ке- тер-ме (е)кен- сің Ер- те-гі ме ке- ре-
гің О- ны(да) ай- тып бе- рей- ін.
Қайырмасы:
Әл-ди-ай, әл- ди-ай, Әлдиай, әл-ди-ай, Ұйықтай ғой, қал- ғы
май // -май



Ұйық-тай ғой, қал- ғы - май.


Құшағыма алайын,
Қалауыңды айт, жаным.
Әлди әнге салайын,
Бал бөбегім, аппағым.
Тыңдап қана жат, көкем,
Айналайын ақ бөпем.

Қайырмасы.

Соль-мажор тональдігі

Соль-мажор тональдігінің негізгі тірек тоникасы “соль” дыбысы болып, кілт алдында бір фа-диез белгісі бар. Соль-мажор тональдігінде жарты тондар “си” және “до” (III–IV басқыш) және фа-диез-соль (VII–I басқыш) дыбыстары арасында пайда болады. Қалған басқыш (I–II, II–III, IV–V, V–VI, VI–VII) дыбыстардың әрбіреуі өзара I тон аралығында орналасқан.

Сондай-ақ, I–III–V басқыш дыбыстары (соль-си-ре) тұрақты, ал II–IV–VI–VII басқыш дыбыстары тұрақсыз болып табылады.



- ?! 1.** “Бесік жыры” өлеңін жаттап ал?
2. Төмендегі мысалда қандай альтерация белгілері қолданылғанын анықта:

OLMANI OTDIM

Әзілдей



3. Төмендегі мысалдардың такт өлшемдерін анықта:

№1



№2



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Халық әндерін алғаш кімдер шығарған?

- А) Дикандар, қолөнершілер, зиялылар.
- Ә) Музыкашылар.
- Б) Сазгер және ақындар.

2. Қандай әндер «Еңбек әндері» деп аталады?

- А) Отансүйгіштік рухтағы әндер.
- Ә) Балалар әндері.
- Б) Еңбекке байланысты әндер.

3. Ішекті-ысқышты аспаптар қайсы қатарда дұрыс берілген?

- А) Чанг, ауған рубабы, дутар.
- Ә) Фижжак, сато, қобыз.
- Б) Уд, танбур, қонун.

4. «Ялла» деп нені айтады?

- А) Музыканттар тобын.
- Ә) Шумақ және қайырма түрдегі ән мен би.
- Б) Ішекті аспаптар тобын.

5.

1.		А						
2.		С						
3.		А						
		Т						
4.		А						
		Я						
5.		ө						

- 1. Үрлемелі көне музыкалық аспап.
- 2. Мүштік арқылы үрлеп ойналатын музыкалық аспап.
- 3. Соқпалы-ұрмалы музыкалық аспап.
- 4. Ұрмалы музыкалық аспап.
- 5. Ысқышпен ойналатын музыкалық аспап.

ҮШІНШІ ТОҚСАН

МАУСЫМ ӘНДЕРІ

1-сабақ. МАУСЫМ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮР ӘНДЕРІ

Өзбек халқының жыл айлары мен мезгілдеріне байланысты өткізілетін дәстүрлі рәсімдері мен әдет-ғұрыптары бар. Мысалы, көрікті көктем мезгілінде Наурыз мерекесі кең атап өтілген. Қызғалдақ серуендері және диқандар еңбегінің басталуына байланысты “Shox moylar” рәсімі өткізілген. Сондай-ақ, күз мезгілінде егін жинау жұмыстары жүргізілетін болса, қыс мезгілінде бастаңғы кештері ұйымдастырылған. Халық ауызекі музыкасы өнерінде осы сияқты маусым рәсімдеріне тікелей (немесе белгілі қатыста) байланысты әндер де пайда болған.



Қыс.

🕒 Сазгер С.Мұхамеджановтың “Аяз ата” әнін тыңдап, мазмұнын айтып бер.

АЯЗ АТА

Өлеңін жазған Ш.Мұхамеджанов Әнін жазған С.Мұхамеджанов

Асықпай, әндете

p



1. Ақ та-я-ғын та-я-нып, Таң-мен бір-ге о-я-нып,



А-яз а-та ке-ліп тұр, Ақ кү-пі-ге о-ра-

Қайырмасы:



нып. Ал, балалар, тұрмайық, Би биле-йік, ой-на-йық. А-яз а-та



қу-ан-сын, Дөң-ге-ле-ніп зыр-ла-йық. - йық.

Кетті көңіл шалқып-ақ,
Жұлдыздардай қалтырап.
Аяз ата үстінде
Ақша қар жүр жалтырап.

Қ а й ы р м а с ы :

Ал, балалар, тұрмайық,
Би билейік, ойнайық.
Аяз ата қуансын,
Дөңгеленіп зырлайық.

Қ а й ы р м а с ы :

Ал, балалар, тұрмайық,
Би билейік, ойнайық.
Аяз ата қуансын,
Дөңгеленіп зырлайық.

Көрдің бе Аяз атаны?
Аппақ екен сақалы.
Аппақ екен мұрты да,
Аппақ екен шапаны.

“Biz askarmiz” өлеңін 4/4 өлшемінде дирижёрлік етіп, ноталармен айтыңдар. Кейінгі басқышта өлең шумақтары және қайырмасымен байланыстырып орындаңдар.

BIZ ASKARMIZ

Өлеңін жазған **И.Рахман**

Әнін жазған **Н.Нархужаев**

Марш қарқынымен



Biz as- kar- miz, pos- bon- miz, U -lug' yo'l-da kar- von - miz.



Tinch-lik u- chun qal- qon-miz, Hech bu -zil - mas qo'r-g'on-miz.



Biz as- kar- miz, pos- bon- miz, U -lug' yo'l-da kar- von - miz.



Tinch-lik u- chun qal- qon-miz, Hech bu -zil - mas qo'r-g'on-miz.




Bir, ik - ki, uch, bir, ik - ki... Ay- ting, mar- ra kim - ni - ki?

Al-



bat mar -ra biz- ni - ki, Ja- sur o'g'-lon, qiz - ni - ki.

Al-



bat mar -ra biz- ni - ki, Ja-sur o'g'-lon, qiz - ni - ki.

Biz askarmiz, posponmiz,
Ulug' yo'lda karvonmiz.
Tinchlik uchun qalqonmiz,
Hech buzilmas qo'rg'onmiz.

Naqarot:

Bir, ikki, uch, bir, ikki...
Ayting, marra kimniki?
Albat marra bizniki,
Jasur o'g'lon, qizniki.

Ona yurt Turkistonda,
Yer-u osmon, ummonda
Chiniqishni qo'ymaymiz,
Tinchlik kuyin kuylaymiz.

▲ **Жаттығуларды орында.**

a)

b)

?!

1. «Аяз ата» өлеңінен алған әсеріңді айтып бер.
2. «Biz askarmiz» өлеңін жаттап ал.

2–3-сабақтар. ҚЫС МЕЗГІЛІ ӘНДЕРІ

Қыс мезгілінде диқан да, жер де демалады. Осындай кездерде ауыл адамдары, көршілер, туған-туысқандар, құрдастар жиналып, бастаңғы кештерін өткізген. Мұндай бастаңғы кештер негізінде «қыс күндеріне арналады да, ұзақ қыс түндері қызықты да мазмұнды етіп, көңіл көтеру үшін ұйымдастырылған»¹.

Бастаңғы кештерінде меймандостық, қызық әңгімелер, түрлі ойындармен бірге өлеңдер де оқылған, әндер, жырлар мен яллалар айтылған, жыраулардың орындауында терме және жырлар тыңдалған.

Жырау (Бақшы) — бұл “Alpomish”, “Go‘ro‘g‘li”, “Avazxon” сияқты жырлардың авторы және орындаушысы. Ол көбінесе жырларды әрі айтып, әрі жырлап береді. Ал домбыраны (кейде қобыз, дутар) сүйемелдеуші сазды аспап ретінде қолданады.



Халық жырауы
Умарқул Пулқанұлы.

Төмендегі мысалды 2/4 такт өлшеміне дирижёрлік етіп, ноталар негізінде орында.

QARI NAVO



¹ Махмұт Саттар. Өзбек әдет - ғұрыптары. Ташкент. 1993 ж, 122-бет.



🎵 “Sovuq kimni izlaydi?” әнін тыңдап, алған әсеріңді айтып бер.



SOVUQ KIMNI IZLAYDI?

Өлеңін жазған **П. Момын**

Әнін жазған **Н. Нархужаев**

Орташа

So - vuq kim - ni iz - lay - di,
Sha - mo - li g'iz - g'iz - lay - di.
Bi - la - siz - mi, so - vuq - dan Kim ku - lib, kim yig' - lay -
Naqarot:
di. Bo' - sa lan - ju dan - ga - sa,
tug - ma - si - ni taq - ma - sa, So - vuq tez - da
yi - qa - di, Un - dan g'o - lib chi - qa - di.

Kiyinvolib, shaylanib,
Yursa o'ynab, aylanib,
Bo'shshamasa kim agar
Sovuq unga bo'yin egar.

Naqarot:

Bo'lsa lanj-u dangasa,
Tugmasini taqmasa,
Sovuq tezda yiqadi,
Undan g'olib chiqadi.

Quvontirib yana-da,
Uchiradi chanada.
Bo'ling, deya, qahramon,
O'ynatadi qorbo'ron.

Naqarot

?! 1. Төмендегі нота мысалдарының такт өлшемдерін анықта:



2. «Sovuq kimni izlaydi?» әнінде қандай альтерация белгілері кездеседі?

3. Берілген дыбысқатарының қайсы перделері арасында жарты тон аралығы бар екендігін анықта.



4–5-сабақтар. ТУХТАСИН ЖАЛИЛОВ



Тухтасин Жалилов

Ўзбекстан халық әртісі, музыхант және сазгер Тухтасин Жалилов (1896–1966) Әндіжан қаласында, арбакеш Жалил ата отбасында туылған. Ол жастайынан музыканы сүйген және алғаш музыкалық білікті Аппақ Ахун мен Мухаммад танбуршыдан алды. Кейінірек қоқандық Юсуфжон чангчидан халықтық музыка байлықтарын терең үйреніп, оларды өз бойына сіңірген. Ұстаздарының сабақтары болашақта Тухтасин Жалиловтың шебер музыхант және даусы ұнамды әнші болып жетілуіне, сондай-ақ халықтың көңілінен шығатын күй мен әндер жазуына негізгі септігін тигізді. Сол кезде өнер шеберінің жаңа заман рухымен тәрбиелейтін музыкалық шығармалары өзбек сазгерлігінде жаңа дәуірді бастаған еді. Т.Жалиловтың “Aziz Vatanim”, “Ey, hur Vatanim”, “To‘ylar muborak”, “Kokiling”, “O‘ynasin” сияқты өлеңдері мен әндері халқымыз арасында әйгілі болып кетті. Сонымен бірге Тухтасин Жалилов — Өзбекстанда музыкалық драма жанрының қалыптасып дамуына үлкен үлес қосқан өнер иесі. Атап айтқанда, өнер шебері “Halima”, “O‘rtoqlar”, “Gulsara”, “Nurxon”, “Tohir va Zuhra”, “Ravshan va Zulxumor”, “Farg‘ona hikoyasi”, “G‘unchalar”, “Alpomish” сияқты сахналық шығармаларға музыка жазды. Ол 40 тан астам сахналық шығармаларға музыка жазған.



СИГНАЛ

Әнін жазған **Т.Жалилов**

Орташа тез



ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЕВ

Ұлы күйші, сазгер Құрманғазы Сағырбаев қазіргі Атырау облысы, Теңіз ауданы, Жиделі деген жерде 1806 жылы шаруаның отбасында дүниеге келді. Құрманғазы сегіз жасында ағаштан ойып домбыра жасап алады. Сөйтіп, талапты бала өсе келе күшті домбырашы болады. Оның алғашқы музыкалық қадамы 19-ғасырдың отызыншы жылдарының аяқ кезінен басталады.



Құрманғазы екі ішекті домбырада өз дәуірінің қоғамдық бейнесін, халықтың ауыр тұрмысын, мұңын, арманын, қуанышын, қазақ даласының таңғажайып көркем табиғат құбылыстарын көрсете білді. Сазгердің алғашқы музыкалық шығармаларына “Кішкентай”, “Балбырауын”, “Адай”, “Серпер” сияқты күйлері жатады.

“Балбырауын” күйі — жастарға арналған жігерлі, көңілді шығармалардың бірі. Құрманғазы 1889 жылы қазіргі Астрахань облысының Зеленг ауданында Сахма деген жерде қайтыс болды.

БАЛБЫРАУЫН

Құрманғазының күйі

Жылдам

f *p*

cresc. *f*

mf

The musical score consists of eight staves of music in G major (one sharp). The notation includes various rhythmic patterns, slurs, and dynamic markings. The first staff has accents (>) over several notes. The second staff has accents (>) and a dynamic marking of *mf*. The third staff has a dynamic marking of *mf*. The fourth staff has accents (>) and a dynamic marking of *mf*. The fifth staff has a dynamic marking of *cresc.*. The sixth staff has a dynamic marking of *f*. The seventh and eighth staves continue the melodic line with various rhythmic patterns.

- ?! 1. Тұхтасин Жалиловтың шығармашылығына қатысты еңбектерінің аттарын айт.
 2. Құрманғазы Сағырбаевтың “Балбырауын” күйі кімдерге арналған?



БАҚШЫ ЕРЛІГІ

— Қақпаны ашамыз, құмырсқа мен шегіртке сияқты бастырып келген шөл көшпенділеріне енді тең келіп болмайды. Қақпаны ашпасақ, қаланы не суға батырады, немесе от қойып жаншып тастайды, — депті Ташкент биі бәле-қазадай төніп, қала қабырғаларын бұзып жатқан дұшпандардан қорқа түсіп.

— Биіміз дұрыс айтады, кілттерді тапсыру керек. Олар көп, біз азбыз. Енді біраздан соң бастырып кіріп, қырып-жояды, — деп оң қол көмекшісі оның сөзін мақұлдады.

Басқалар да оған қосылды. Содан соң Ташкент ақсақалдары кеңесіп, қақпаны дұшпанға ашып бермекші болды. Сол кезде босағада жыртық киімді, бет-аузы қан бір жігіт пайда болыпты.

— Жоқ, қақпаны ашпаймыз. Басқыншылар қалаға кірсе, оны қиратып, ұлдарымызды құлға, қыздарымызды күнге айналдырады. Құп десеңіздер, мен өзім басқыншыларды бұзық ниеттерінен бас тартқызып, артына қайтарамын, — депті.

— Қалайша?! Сондай дұшпанды ма? — деп қайран болыпты жиналғандар.

Би де:

— Бос сөз! Осынша жігіттер жоқ ете алмаған дұшпанды бір өзің қалай көзін жоя аласың?! — депті таң болып.— Бір өзі дұшпанға қарсы тұра алмайды. Кілтті дұшпандар қолына тапсыру керек.

Жан-жақтан айқай-шу көтеріліпті. Сонда әлігі жігіт:

— Соғысқа мен қатыстым. Ия, жауды қылышпен жоқ ете алмадық, жоқ ете алмаймыз да. Дегенмен мен Бақшымын. Қане, домбырамды іске салайыншы! Бәлкім, қылыш жоғалта алмағанды домбыра жоғалтатын шығар, — депті.

Би бастаған ақсақалдар ойлап-ойлап, ақыры Бақшының ұсынысына разы болыпты. Бақшы жігіт домбырасын қолына алып, қорғанның ең биік жеріне шығып, дұшпан тұрған жаққа қарап алып, домбырасын тарта бастапты. Басқыншылардың бірі оны садақпен атып құлатпақшы болған екен, қолбасшысы рұқсат етпепті.

— Әй, жігіт, бері жаққа түс, — деп айқайлапты.

Бақшы жігіт қорғанның сыртына шығыпты.

— Кімсің, кәсібің не? — деп сұрапты қолбасшы.

— Бақшымын, — деп жауап беріпті ол.

— Бақшы болсаң, жақсы адам екенсің. Қолыңдағы домбыраңмен бір сәтте мені әрі күлдіріп, әрі жылата алсаң, сені аман қалдырып, еліңді қоршауды тоқтатып, арқама қайтып кетемін. Ал егер орындай алмасаң, теріңді сылып, денеңді дарға асырамын. Қалаңды көкке ұшырып, жермен жексен етемін, — депті.

Бақшы жігіт разы болыпты. Өйткені Бақшы жігіттің өзі де, домбырасы да дайын тұрған екен! Ол домбырасына қарап: «Тұлпарым, күшіңді көрсет, сен сайрағанда мұның күлкіден ішегі үзілсін, жылаудан көзі жұмылсын» депті де, құлағын бұрай бастапты.

Домбыра сол жердің тұтынан жасалған емес пе, Бақшы жігіттің сөзін «мақұлдағандай» шашақ-

тарын сілкітіп, «сайрай» бастапты. Ол домбырамен жырлағанда, тау да, жер де тебіреніпті, ағаш-бұталар дүр сілкініпті. Бір кезде басқыншы қолбасшының көзінен жасы парлап:

— Жетер, болды енді, жүрегімді езіп жібердің! — деп оны зорға тоқтатыпты.

Бақшы жігіт домбыра тартып, жыр жырлаудан тоқтапты. Кейін тағы да жыр бастапты. Жырдың шарықтау шегіне жеткенде, дұшпан бастығының күлкіден ішектері үзіле жаздапты. Барлығы қайран болыпты. Себебі, қолбасшы бүкіл өмірінде мұндай халге түспеген екен, яғни бір сәтте әрі жылап, әрі күлмеген екен!

Қолбасшы өзіне келіп:

— Көп жерлерді қылыш күшімен бойсұндырдым. Бірақ сені бойсұндыра алмадым, жырың тізе бүктірді. Мен ниетімнен қайттым. Артыма қайтамын. Бірақ бір өтініш жасасам, қарсы болмайсың ба? — депті.

— Айтыңыз, — депті Бақшы жігіт.

— Менімен бірге кетсең, оң қол уәзірім етіп аламын. Бүкіл өмірің рахат-молшылықта өтеді, — депті қолбасшы.

— Жоқ, мен осы жерде тудым, осында өлемін, — депті Бақшы.

Сөйтіп, Бақшы жігіттің домбырасы мен жыры Ташкент бекінісі қирап, елі талан-тараж болудан сақтап қалған екен.

(«Өзбек көне қолжазбалары, хикметтері, аңыздары» кітабынан.)



НАЙ КҮЙІ

Сұлтан Хұсайын Байқара көп уақытын аң аулаумен өткізеді екен. Күндерден бір күні ол аңда жүріп өте шаршапты. Шатырына келіп: «Мен ұйықтамақшымын!» — депті. Ешкім үн қатпапты.



«Мен ұйықтамақшымын!» — депті тағы да. Ешкім тіл қатпапты. «Мен ұйықтамақшымын!» — депті тағы да Хұсайын Байқара. Сарай қызметкерлері мен жалшылар жан-жаққа жүгіріп шарап әкеліпті, қайтарыпты, қызметші әйелдерден кіргізіпті, айдап салыпты. Басшылар сұлтанды ұйықтатамыз деп өздерін отқа да, шоққа да ұрыпты, бірақ қолдарынан ештеңе келмеді. Сұлтан ашуланып, қаһар атына мініп, қайтқанымша шарасын таппасаңдар, барлығыңды дарға асамын, деп тағы да аңға шығып кетіпті. Уәзірлер ойлап-ойлап, бұл ділгірлікті ұлы Науайдан басқа ешкім шеше алмайды деп ұйғарып, ақынға шабарман жіберіпті.

– Науаи жұмыстарым көп, – деп аңға шықпаған екен. Шабарман барып Науаиға бар жағдайды айтты беріпті. Науаи мәселенің неде екенін дереу түсініп, Найшы баба деген атақты найшыны өзімен бірге алып келіп, Хұсайын Байқараның қасына барыпты. Аңшылар ортасына тігілген «Сұлтан отауына» найшыны кіргізіп жіберіп, өзі басқа отауға түсіпті.

Найшыны көрген Хұсайын Байқара қуанып кетіп:

— Мен ұнататын күйді тартыңыз, бір дем алайыншы, өте шаршадым, — депті.



«Әлішер Науаи және Хұсайын Байқара».
Суретші **Саъдулла Абдуллаев**.

Най тілге кіріп, зарлай бастапты, сұлтан ұйқыға кеткенін де білмей қалыпты. Таң алдында най тағы да күй тартыпты. Сұлтан көңіл күйі сергек болып ояныпты. Қызметкерлерінен біреуін шақырып сұрапты:

— Най үнімен ұйықтап, най үнімен оянууды кім тапты? Айт бас төлеміңді беремін.

— Мырза Науаи, — деп жауап беріпті қызметкер.

— Досым Әлішер? Қане ол, тез келсін, — депті сұлтан Байқара Хұсайын қуанышы ішіне сыймай.

Сұлтан жасауылдары Науаиға бұл хабарды жеткізіп, Хұсайын Байқара құзырына шақырып жатқанын айтыпты.

— Бәрекелде! Рахмет! Күндіз бен түнгі демалысым өзіңсің, досым, — деп Хұсайын Байқара Науаины құрметпен қарсы алыпты.

🕒 “Mirzadavlat” күйін тыңда.

MIRZADAVLAT

Дәстүрлі аспаптар күйі

Әзілдей

The image shows a musical score for the piece 'Mirzadavlat' in staff notation. It consists of five staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 2/4 time signature. The music is written in a melodic style with various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes. The score includes repeat signs and a double bar line at the end of the piece.

?!

1. Тухтасин Жалилов шығармаларын атап бер.
2. «Сигнал» әнін бейнелі орындап бер.
3. «Бақшы ерлігі» аңызы не жайында айтылады?
4. «Най күйі» аңызында кімдердің бейнесі көрсетілген?

6–7-сабақтар. ОРАЗАҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЫРЛАР

Ораза салт-дәстүрі хижри-жылнама күнтізбесі құтты ораза айының үшінші күнінен бастап үлкендер немесе балалардың қатысуымен өткізіледі. Мұнда дәстүрге қатысушылар жырлары құптан уақытында әрбір үйдің есігінің алдына топталып, жарапазан айтады. Оған жауап ретінде үй иелері түрлі тағамдар мен сый-сияпат береді.

Түрлі көріністерде болған жарапазанның мазмұны өзара ұқсас болады. Олардың өлең шумақтарында үй иелеріне жақсы тілек пен адал ниет білдіреді. Ал кейде әзіл-оспақ мазмұнды шумақтар да орындалады.



NISHOLDA

Өлеңін жазған **Р. Талип**

Әнін жазған **Д. Амануллаева**

To'y- da, bay-ram-da, Ro'-za ay-yom-da, Tan- siq ni-shol- da,
 Tor-tiq ni-shol-da. Muz-qay-moq-dan zo'r, ma-na, ya- lab ko'r.
 Oh-oh ni - shol-da, op-poq ni-shol-da, ma-za - li, tot - li, oh!
 Mis - li nov - vot - li, oh! Oh- oh ni- shol - da,
 op - poq ni- shol - da! Muz - qay -
 moq- dan zo'r, oh! Ma-na ya-lab ko'r, oh! Oh- oh ni- shol-da,
 qay - moq ni- shol-da! Qay - moq ni-shol-da!

Muzqaymoqdan zo‘r,
Mana yalab ko‘r,
Oh-oh nisholda,
Oppoq nisholda.

Naqarot:

Mazali, totli — oh!
Misli novvotli — oh!
Oh-oh nisholda,
Oppoq nisholda.

Buncha ham shirin,
Kim bilar sirin?
Oh-oh nisholda,
Qaymoq nisholda.

Naqarot

Mehmonga yuzim,
Xizmatda o‘zim.
Tayyor nisholda,
Mador nisholda.

 **Төмендегі ноталардың такт өлшеміне сәйкес нота таяқшаларын (штиль) қойып шық:**



The image shows four staves of musical notation in 3/4 time. Each staff contains a sequence of notes and rests for a rhythm exercise. The notes are mostly quarter notes and eighth notes, with some rests. The first staff starts with a double bar line and a repeat sign. The second staff has a repeat sign in the middle. The third staff has a long slur under the last three notes. The fourth staff ends with a double bar line.

?!

1. “Nisholda” әнінің негізгі тірек әуенін анықта.
2. “Nisholda” әнінің “С” такт өлшеміне қалай дирижёрлік ету керек?

8–9-сабақтар. НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ӘНДЕРІ

Парсы тілдес отырықшы халықтар арасында егіншіліктің қамқоршысы және диқандардың бірінші үйретуші ұстазы — мифтік кейіпкер, қасиетті Бабай Диқан деп саналған.



Түркі тілдес халықтар оны Диқан баба, Баба Дайқан, Дехкан-баба деп атайды. Суармалы жерлерді пайдалану барысында оған ерекше табынған. Қазақтың егіншілері де Диқан бабаға береке, молшылық тілеп, сыйынатын болған. Қазақтардың тағы бір табынып, пір тұтатыны — қасиетті Қыдыр ата. Ол байлықты үлестіруші, адам баласына жақсылық тілеуші деп түсіндіріледі. Кейбір жерлерде Диқан баба мен Қыдыр ата бірдей аталады. Жаңа жыл — Наурыз (21—22 наурыз) күн мен түннің теңелу сәтінде тойланған. Наурыз күндері қуанышты сезімдерді көрсететін аспаптық күйлер орындалған. Міне, осындай көне күй-жырлар біздің заманымызға дейін жетіп келген. “Наурыз” және “Navro‘zi Ajam”, «Бойчечак» сияқты ән мен күйлер солардың қатарынан болып табылады.

△ «Onajonim, sog' bo'ling» энін шырқауды үйрен.

ONAJONIM, SOG' BO'LING

Эні мен сөзін жазған **М.Дадабаев**

Орташа



1. Meh-ri dar-yo



o-nasiz, so'z-la-ri dur - do-na-siz. Eng a-ziz ham-



xo-na- miz, o-na-jo - nim, sog' bo'-ling, nur-ja-ho-nim,



sog' bo' - ling,



2. Haq ka-lo-min so'z-la-gan, al-la ay-tib




kuy-la-gan,

Biz-ni do-im

o'y-la-gan, o-na- jo- nim, sog' bo'- ling,
so - ya- bo - nim, sog' bo'- ling.

3. Issiq chehra yuzingiz,
Chaqnab turar ko'zingiz,
Bizga g'amxo'r o'zingiz,
Onajonim, sog' bo'ling,
Jismi jonim, sog' bo'ling.
4. Sizsiz bizning baxtimiz,
Boyligimiz, taxtimiz,
Sizga xizmat – ahdimiz,
Onajonim, sog' bo'ling,
Jonajonim, sog' bo'ling.

 **Төмендегі ноталардың такт өлшеміне сәйкес нота таяқшаларын (штиль) қойып шық:**



BOYCHECHAK

Ўзбек халық әні

Көңілді

Boy- che- cha- gim bog'- lan-di, qo-zon to' - la ay- ron -dir,
Ay- ro-ning-dan ber-ma -sang, qo- zon - la- ring vay-ron-dir.
Qat- tiq yer-dan qaz-lab chiq-qan boy- che-chak, yum-shoq yer-dan
yu- gu-rib chiq-qan boy- che-chak. Boy-che-chak-ni tut -di -lar,
tut yo- g'och - ga os - di - lar, qi - lich bi - lan
chop - di - lar, bax - mal bi - lan yop - di - lar.

Boychechagim bog'landi,
Qozon to'la ayrondir,
Ayroningdan bermasang,
Qozonlaring vayrondir.
Qattiq yerdan qazlab
Chiqqan boychechak,
Yumshoq yerdan
Yugurib chiqqan boychechak.
Boychechakni tutdilar,
Tut yog'ochga osdilar,
Qilich bilan chopdilar,
Baxmal bilan yopdilar.



NAVRO'ZI AJAM

Асықпай

Өзбек халық күйі



НАУРЫЗ

Өлеңін жазған **М.Сарынова**

Әнін жазған **Б.Есдәулетова**

mf Көңілді



Кел, ба-ла-лар ой-най-ық, Нау-рыз той-ын той-лай-ық Ба-ян-ды боп



ме- ре-ке қыр гү-лін-дей жай- най-ық. Нау- рыз, Нау- рыз,



Нау-рыз жыл ба-сы, Нау- рыз, Нау- рыз ба-қыт жал-ға- сы.



Нау- рыз, Нау- рыз, Нау-рыз жыл ба- сы,



Нау- рыз, Нау -рыз ба- қыт жал- ға- сы.

Алпыс жылдай жоғалып,
Қайта оралған, Наурызым.
Талаптары тас бұзып,
Сайрандайды ұл-қызың.


Наурыз, Наурыз — жыл басы,
Наурыз, Наурыз — бақыт жалғасы. } 2 рет

Наурыз келді тамаша,
Ән айтамыз таласа.
Апам, атам той тойлап,
Қуанып жүр балаша.

Наурыз, Наурыз — жыл басы,
Наурыз, Наурыз — бақыт жалғасы. } 2 рет

Фа-мажор

Фа-мажор — бұл негізгі тірек пердесі (тоникасы) “фа” болған мажор тональдігі, оның кілт (құлақкүй) алдында бір **си-мажор** белгісі қойылады.



Фа-мажордың тұрақты дыбыстары I, III және V басқыштарда, тұрақсыз дыбыстары II, IV, VI және VII басқыштарда орналасады. Жарты тондар **ля** және **си-бемоль** (III–IV), сондай-ақ **ми** мен **фа** (VII–Iт) дыбыстары аралығында пайда болады.



CHILDIRMA

Әнін жазған **Д.Амануллаева**

Фа-мажор



1. Наурыз мерекесі туралы қандай әндерді білесің?
2. «Наурыз» өлеңін жаттап ал.
3. «Childirma» күйінде 6/8 такт өлшемінде қалай дирижёрлік ету керек? (Оң қол әрекетінде көрсет.)

ТӨРТІНШІ ТОҚСАН

КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ ӘНДЕРІ

1-сабақ. КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ ӘНДЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Мезгіл әндері арасында көркем көктем мезгіліне арналған халық әндері ерекше орын алады.



Табиғаттың ояну дәуірі болған көктем мезгілінің қызғалдақ гүлдерінің ашылуы, табиғаттың жасыл түске енуі сол табиғаттағы құстардың әдемі әрі жағымды сайрауы үлкен-кішінің жүрегіне өзгеше әсер етіп, орасан зор қуанышқа бөлейді. Осы сияқты әдемі көріністер халқымыздың ақындық қабілеті бар өкілдерінің көптеген өлеңдері мен әндерінде шырқалған. Мысалы, “Bahor keldi” халық әнінде көктем мезгілінің қайталанбас сұлулығы былай сипатталады:

BAHOR KELDI

Өзбектің халық әні

Асықпай

Ba-hor kel-di, o - chil- di gul- lar har yon - da,
Bul -bul -lar say - ra - sha -di u yon- bu yon- da.

Toshdan toshga echkilar
Sakrab o'ynaydi.
Tog' bag'rida qo'zilar
O'tlab ma'raydi.

Tog'dan ko'lga tiniq suv
Tushdi shildirab,
Ko'l ichida suv to'la
Turar miltillab.



КӨКТЕМ

Өлеңін жазған **И.Искандаров**

Әнін жазған **Қ.Қожамияров**

Көк- тем, көк- тем, құ- ді- ре тің о- ңай
ма? өы- зыл гүл- дер көм- кер- ді бар- ай-мақ-
ты. Жа- сыл же- лек жа- мы- лып- ты
то- ғай да, то- ғай да.
"Сұ- лу көр- кің бұл- бұл- дар- ды
сай- рат- ты" сай рат- ты.

Деп тұрғандай кұшағыңды жай мұнда,
Көз тартады гүлді кілем жер-көкте.
Жас құрақтар төне түсіп айдынға,
Асыққандай өз дидарын көрмекке.

“KO‘KLAM KELADI”

Өлеңін жазған **П. Момын**

Әнін жазған **Н. Нархужаев**

Орташа



Har yi- li ko'k - lam ke-la-di, na-na-nana, na-na-na-na.



Ya-na ham ko'r -kam ke-la-di, na-na-nana, na-na-na-na.



I-liq -lan-sa ha-ro-rat, el- ga ro-hat- ha-lo-vat, El- ga ro-

Bu-lut qo- chib yig' -lay- di,



hat - ha-lo- vat. O...

A-riq -qa suv sig'-may-di,



o, o...



Bo'-yin cho'-zib sha-mol- ga,

So-vuq qo-



char shi- mol- ga,

Har yi -li ko'k-lam ke-la-di,

na-na-nana, na-na-na-na. Ya-na ham ko'r- kam ke-la-di,
na-na-nana, na-na-na-na. Ya-na ham ko'r-
kam ke-la-di,

Көктем мезгілінде қыр-адырларда қызғалдақ-гүлдер ашылып, табиғат көріністері әдемілене түседі. Сондай кездерде адамдар қызғалдақ серуені мерекесін өткізген. Жасөспірім балалар қыр-адырларға шығып, құшақ-құшақ қызғалдақ теріп, оларды көршілерге, туысқандарына таратқан және қызғалдақ туралы ән айтып, түрлі ойындар ойнаған.



LOLA

Өзбектің халық әні

Көңілді


Lo - la, lo - la, lo - la - jon, o' - sar jo- ying da - la - da,
Lo - la, lo - la, lo - la - jon, chi- da -ding- mi ja -la - ga,
Yur, sa -yil-ga bo - ray- lik, lo - la - lar- ni ko'-ray - lik,
Qu- cho- g'i -miz to'l- di- rib lo - la-gul- lar te - ray- lik.

⦿ «Bahor keldi» және «Көктем» әндерін тыңда.

Көркем көктем көріністері сазгерлеріміздің шығарған ән мен күйлерінде өз сипатын тапқан. Атап айтқанда, халқымыздың сүйікті өнер шебері Юнус Ражабидің “Bahorim” күйінде көркем көктем мезгілінде оянған нәзік сезімдер көрінісі сезінеді.

Ре-мажор тональдігі

Ре-мажор – негізгі тірек тоникасы “ре” болған минор тональдігі болып, кілт алдында бір фа-диез және до-диез белгілері бар.



Ре-мажордың тұрақты дыбыстары I, III және V-басқыштарда орналасады (ре, фа-диез, ля). Қалған басқыш (II, IV, VI және VII) дыбыстары (ми, соль, си, до-диез) тұрақсыз.

1. Көктем мезгіліне арналған қандай әндерді білесің?
2. “Bahor keldi” және “Көктем” әндерінің негізгі тірек тоникасын анықта.
3. “Көктем” өлеңін жаттап ал.

2-сабақ. БАЛАЛАР ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

Ұзақ ғасырлардан бізге дейін жетіп келген балалар әндері өзбектің халық ауыз әдебиетінің құрамдас бір бөлігін құрайды. Ол әндерде жас ұрпақтың қызық өмірі, жыл мезгілдері мен әр түрлі мерекелерге деген көзқарастары өзіне тән бейнеленген.

Балалар әңдерінің көпшілігі би билеу кезінде айтылған. “Binafsha”, “Chittigul”, “Yomg‘ir yog‘aloq”, “Laylak keldi” сияқты өлеңдер көктем мезгілінде орындалатын әндерге жатады. Мысалы, көктемде жаңбыр сіркіреп жауып тұрған кезде қуанған балалар бір-бірімен ойнап, “Yomg‘ir yog‘aloq”, «Жау, жау, жаңбыр» әндерін айтады.

ЖАУ-ЖАУ, ЖАҢБЫР

Өлеңін жазған **Ш.Сариев**

Әнін жазған **К.Дүйсекеев**

f

А-ла-тау-дың бау-ы-ры-на, А-там, ө-жем
а-у(ы)-лы-на, Ақ-ша бұлт-тар, ау-а бер-ші,
Жау-жау, жаң-быр, жа-уа бер-ші. Ба-қыт бо-лып жау-шы, жаң-
Қайырмасы:
быр, ме-нің ө-сем қа-ла-ма, Ба-қыт бо-лып жау-шы, жаң-быр,
ме-нің бай-тақ да-ла-ма, Ме-нің ө-сем қа-ла-ма,
ме-нің бай-тақ да-ла-ма.

Алатаудың бауырына,
Атам, әжем ауылына,
Ақша бұлттар, ауа берші,
Жау-жау, жаңбыр, жауа берші.

Қ а й ы р м а с ы :

Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің әсем қалама,
Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің байтақ далама,
Менің әсем қалама,
Менің байтақ далама.

Алматыдай ақ қалама,
Жасыл желек жас қалама,
Ақша бұлттар, ауа берші,
Жау-жау, жаңбыр, жауа берші.

Қ а й ы р м а с ы .

Қоғажай және бәйшешектердің өніп-өсуі де балалардың көңілді ойнауларына ән шырқауларына себеп болған.

BINAFSHA

Көңілді

Өзбектің халық әні

Bi- naf- sha - lar o- chil - di, yer-ga bo- dom so- chil - di,
Ul bo- dom - ni ter - gun - cha qo - ra ko' - zim te- shil - di.

VATAN

Өлеңін жазған **Х.Рахмат**

Әнін жазған **Х.Хасанова**



Салтанатты

Kuylayman Va-tan haq-da,
Ni- ya- ti pok, u-lug'-dir,

So'y-lay-man u-ning haq-da,
Di-yor gul- ga to'-liq-dir.



Osh-sin ya-na dov-ru-g'i,
У тинч- лик-ка бай-роқ-дор,


O'y-lay-man shu-ning haq-da.
Shum u-rush- ga yo'l yo'q -dir!



Va-tan qo- ra ko'-zim-dir,



Dil - dan chiq - qan so' - zim - dir,



Ar - doq -lay man o - nam - dek,



Va - tan, xal- qim, o' - zim - dir.

Niyati pok, ulug' dir,
Diyor gulga to'liqdir,
U tinchlikka bayroqdor,
Shum urushga yo'l yo'qdir!

Naqarot:

Vatan qora ko'zimdir,
Dildan chiqqan so'zimdir.
Ardoqlayman onamdek,
Vatan – xalqim, o'zimdir.

- ?! 1. Балалар әндері туралы нелерді білесің?
2. “Жау-жау, жанбыр” әнінің авторы кім?

3-сабақ. САЗГЕР КАМИЛЖАН ЖАППАРОВ

Өзбекстан халық әртісі, музыкант және сазгер Камилжан Жаппаров (1914—1975) ұлттық музыканы дамытуға үлкен үлес қосқан өнер шебері. Алғаш ағасы Момынжаннан ғижжак тартуды үйрене бастады, кейінірек ұстаздары — Рузимат Исабаевтан чанг, ғижжак және танбур ойнауды, Сабыржон Сидиқовтан ғижжак, ал Мухиддинқажы Нажмиддиновтан дутар сырларын үйренеді. Есейгеннен кейін К.Жаппаров музыка



**Камилжан
Жаппаров**

өнерінің әрі орындаушылық, әрі шығармашылық салаларында жемісті еңбек етті. Оның ішінде, ол ғижжакта “Gul mavsumi”, “Navo”, “Dugohi Husayn” сияқты күрделі құрылысты классикалық күйлерді

шеберлікпен орындады. Сонымен бірге К.Жаппаров музыкалық драма, күй, өлең және ән шығару саласында да жемісті еңбек етті. Солардың қатарында, сазгер Сұлтан Хайтбаевпен бірге “G‘ulja ustida nur”, сазгер Дани Закировпен бірге “Nodira”, “Mening jannatim” сияқты драмаларға музыка жазды. Сондай-ақ, көптеген өлеңдер мен әндер шығарды. “Obod o‘lkam”, “Toshkent piyolasi”, “Diyorimsan”, “Shifokorlar”, “Sog‘indim”, “Mubtalo bo‘ldim senga”, “Assalom”, “Vatan”, “Ko‘zlaring”, “Ey, pari”, “Etmasmidim”, “Nazzora qil”, “Bu ko‘ngil” солардың қатарында. Мәселен, сазгер ақын Хабиби сөзіне жазған көркем күйі “Diyorimsan” өлеңі халық арасында кең таралып кеткен. Ол былай басталады:

DIYORIMSAN

Өлеңін жазған **Хабиби**

Әнін жазған **К.Жаппаров**

Орташа тез

Ey o - zod, go' - zal
 o' l - kam (jo - ni - mey), hur - mat - li di - yo -
 rim - san, Ko'p zah - mat i - la
 top - gan (jo - ni - mey) bax - tim - sa - nu yo -

rim - san. Jo - nim ka - bi as -
 ray - man, no - mus i - la o - rim - san.
 o - ro - mu qa-ro- rim - san.

- ?! 1.** “Diyorimsan” әнінің авторы кім?
 2. “Diyorimsan” әнін ноталар негізінде айт.
 3. “Жау-жау, жаңбыр”, “Ko‘klam keladi” өлеңдерін жаттап ал.

4–5-сабақтар. КӨКТЕМ ЕЛШІЛЕРІ ЖӘНЕ ТАБИФАТ

Халқымыз ежелден дегелек, тырна, қарлығаш сияқты құстарды көктем елшілері ретінде қадірлеп келеді. Себебі, бұл құстардың ұшып келуі жақсы күндерден “хабар” берген. Мысалы, ерте көктемде дегелекті көру бақыттың белгісі делінсе, дегелек ұшып келген жақтан көрінген адам ауылға құт-береке әкеледі деп сенген. Сондай-ақ, ерте ұшып келген тырна көктемнің ерте келуінен хабар берсе, төмендеп ұшқан тырна несібе өнімді болатынын білдірген¹.

¹ Наурыз, Құрастырушылар: Т. Мирзаев, М Жураев. Тошкент. Фан. 1992, 85–90 б



ҚАРЛЫҒАШ

Өлеңін жазған **С.Жиенбаев**

Әнін жазған **Б.Физатов**

Асықпай, әндете

mf

Дау-сың-ды ес-тіп тұр-мын, қар-лы-ға- шым, Шы-рыл-дып не-ге сон-

f

ша қар-лы-ға- сың. Ти-мей-мін ұ-я-да-ғы

ба-ла-пан-ға, сен не-ге сон-ша ма-ған

жа-лы-на-сың. \ \ ба-ла-сы-мын!

Білем мен талай жерді араладың,
 Шарқ ұрып ойладың да бала қамын. } 2 рет
 Сол үшін ана жаның елжіреді,
 Келмейді жүрегіңді жаралағым.

Білем мен қасиетті ана сырын,
 Шырқырап бөбегіне жаны ашырын. } 2 рет
 Тимеймін балапанға, мен де сондай,
 Біреудің әлдилеген баласымын.

Балалар құстардың ұшып келуін асыға күткен.
 Себебі, құстар жылы күндердің басталуының

«хабаршысы» да болып табылады. Сондықтан да, мысалы, Дегелектің ұшып келгенін көрген балалар “Laylak keldi” өлеңін орындаған және дегелектің келгенін үлкендерге хабарлауға асыққан.

Laylak keldi, yoz bo'ldi,
Qanoti qog'oz bo'ldi,
Dala-dashtlar qulf urib
Daryo bo'yi soz bo'ldi.

Кейде әтештердің қоңыраудай дауыстарын балалар сүйсіне естіп, өздері де әтештердің дауысын “қо-қолап” ұқсатуға әрекеттенген. Осылайша әтеш туралы өлеңдер де пайда болған.



QICHQIR, XO'ROZIM

Халық әні

Qich - qir, xo' - ro - zim, qich - qir, xo' - ro - zim,
Bo - la - lar uy - g'on - sin, hey! Bog' - lar, o'r - mon,
te - pa - lar - da lo - la - lar o - chil - sin.
Qu - qu, qu - qu, qu - qu, qu - qu.

Qichqir, xo'rozim, qichqir, xo'rozim,
Bolalar uyg'onsin.
Bog'lar, o'rmon, tepalarda
olalar ochilsin.

Qichqir, xo'rozim, qichqir, xo'rozim,
 Tonglar yorishsin.
 Tong havosi, quyoshidan
 Bolalar quvonsin.



BULBULCHA

Өлеңін жазған **М.Құшақов**

Әнін жазған **М. Насимов**

Назды

O' - zing kich - ki - na, o - vo - zing yax - shi.
 Qa - ni, bul - bul - cham, bir say - rab ber - chi.
 Qa - ni, bul - bul - cham, bir say - rab ber - chi.
 May - li, o' r - toq - jon, May - li, say - ray - man.
 Ko' m - ko' k bo - g'ing - da u - chib yay - ray - man.

— O'zing kichkina,
 Ovozining yaxshi.
 Qani, bulbulcham,
 Bir sayrab ber-chi.

— Shirin bulbulcham,
 Kuylayver chaq-chaq.
 Tinglab qo'shig'ing
 Dillar xushchaqchaq.

— Mayli, o'rtoqjon,
 Mayli, sayrayman.
 Ko'm-ko'k bog'ingda
 Uchib yayrayman.

— Mehnat qilbsan,
 Ekibsan gullar.
 Gulni sevamiz
 Bizlar — bulbullar.

- ?! 1.** Құстар туралы қандай әндерді білесің?
2. “Қарлығаш”, “Qichqir, xo‘rozim”, “Bulbulcha” және “Сайра, бұлбұл” әндерінің негізгі тірек тоникасын анықта.
3. “Bulbulcha” өлеңін жаттап ал.

6–7-сабақтар. САЗГЕР ФАХРИДДИН САДИҚОВ

Атақты өнер шебері Фахриддин Садиқов (1914 — 1977) өзінің мағыналы өлең-әндері және сирек кездесетін күйлерімен өзбек музыкасының дамуына салмақты үлес қосты.

Атап өтсек, сазгердің “O‘zbekchavals”, “Vatan marshi”, “Qurilish marshi” аспаптық күйлері, “O‘zbekiston”, “To‘y muborak”, “Dutorim”, “Bir go‘zal”, “Tinchlik qo‘shig‘i”, “Shirmonoy”, “Zarafshon” сияқты өлеңдері мен әндері ұлттық музыка қорынан лайықты орын алған.



**Фахриддин
Садиқов**

Мұндай терең мағыналы музыканы шығаруда Ф.Садиқовтың сазгерлік таланты және чанг мен дутар аспаптарын өте жақсы меңгергендігі маңызды болған. Бұл қасиет сазгердің тағы басқа көптеген шығармаларында да байқалады.

Оның ішінде бұған Фахриддин Садиқовтың, ақын Акмал Полаттың өлеңіне жазған “Qorabayir” әні мысал болуы мүмкін. Қарабайыр — Өзбекстанда өсірілген асыл тұқымды жылқы. Оны салт мінуде және арбаға жегіп жүк тасуда пайдаланылады. “Қарабайыр” әнінде диқандарымыздың ауырын жеңілдетуге қызмет етіп келе жатқан жылқылар

бейнеленеді. Әннің сазды аспаптарда орындалатын кіріспе бөлімі мен қайырмасы шабандоздың қайратты жүрісін, ал өлең шумақтарының күй-әуендері кең далаларды және онда желіп жүрген аттарды суреттейді.



QORABAYIR

Өлеңін жазған **А.Полат**

Әнін жазған **Ф.Садықов**

Жылдам

Chor- va- miz- ning
sav-la-ti-dur qo-ra - ba-yir o- ti - miz, yil-qi-miz-ning
chi- ro- yi - dur, bu-kil- mas qa-no-ti- miz.
Er- ka- la-nib kish-na-gan - da
ja-rang-lar da - la, tog' - lar, jan- go- var - lik
xis- la- ti ko'p, Meh-nat-da ko'n- gil chog' - lar,
meh- nat-da ko'n-gil chog' - lar. Oh, jon tul-po-ri-



miz.

Ye - li - shi-ga

teng ke - lol - mas hat-to ko'k-da bur- gut- lar,

qil - gan i-shi el - ga man - zur, maq- to- vi bor

bir daf- tar. Har kuni u - ni er - ka - la - tib

yol-la- ri- ni ta- ray- man, men o- tim- ga

me-hr qo'- yib ham- ro- him deb qa- ray- man.

Ham-ro-him deb qa-ray-man. Oh, jon tul- po-ri-miz.

КҰЛЫНШАҚ

Өлеңін жазған **Ә.Тәжібаев**

Әнін жазған **Ө.Байділдаев**

Ойнақы



Құ-лын-ша-ғым, құнды-зым, құн-ды-зым, Құл-дырай-ды, ша-ба-ды,

ша-ба-ды. Жал-тыл- да- ған жұл-ды-зым, жұл-ды-зым,



Құс- тай қа- нат қа- ға- ды, қа- ға- ды.

Құлыншағым, құндызым,
Құлдырайды, шабады,
Жалтылдаған жұлдызым,
Құстай қанат қағады, қағады.

Еміренсе енесі,
Құлыншағы келеді.
Жұп-жұмыр боп денесі
Бауырына енеді.



ТОРЫ ЖОРҒА АТ

(Үзінді)

(Қазақтың халық күйі)

Тез





- ?! 1.** 6/8 такт өлшемінде қалай дирижёрлік етуді оң қолмен көрсет.
2. Мына белгілердің мағынасын түсіндіріп бер #, b, n?
3. Мажор тональдігінде жарты тондар дыбысы қайсы дыбыс басқыштары арасында пайда болады?
4. Минор тональдігінде жарты тондар қай дыбыс басқыштары аралығында пайда болады?

ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қайсы қатарда «Мереке және салт-дәстүр әндері дұрыс көрсетілген?»

- А) «Lapar», «Oh, layli», «Sovuq kimni izlaydi?»
Ә) «Yor-yor», «Kelinsalom», «Ot o'yin», «Charx».
Б) «Maktab», «Alla», «Yalla».

2. Жыраулар қандай әндерді айтады?

- А) Лапарды.
Ә) Дастан-жырды.
Б) Әлдиді.

3. Жарапазан қашан айтылады?

- А) Той және салт-дәстүрлерде.

- Ә) Ораза айында құптан кезінде.
- Б) Әлдилерді ұйықтату мақсатында.

4. Өзбек халық билері қайсы қатарда дұрыс көрсетілген?

- А) «Камаринше би», «Гопак», «Бульба».
- Ә) «Lazgi», «Dilxiroj», «Tanavor».
- Б) «Полька», «Мазурка», «Shag'ala».

5.

1.	Қ						
	О						
2.	С						
3.	Н						
4.						А	
5.						Й	

- 1. Қобыздың құдіретін танытқан ұлы күйші.
- 2. Сілкіп ойнайтын аспап.
- 3. Үрлемелі аспап.
- 4. Соқпалы-ұрмалы аспап.
- 5. Үрмелі аспап.

БІЛІП АЛ!

- 1. Ән айтқанда бас пен денені түзу ұста.
- 2. Жаттығулар мен ән орындап жатқанда үнемдеп тыныс ал.
- 3. Әннің сөздерін анық айт. Мұнда дауысты дыбыстарды созыңқырап, дауыссыз дыбыстарды қысқа айтуға әрекет ет.
- 4. Ән сөздерін түсініп, оның мағынасына сәйкестендіріп шырқа.

5. Ұжыммен бірге ән орындағанда өзіңнің дауысыңмен бірге сыныптас жолдастарыңның да дауысын тыңдап, соларға сәйкестеніп қосылып айтуға тырыс.

6. Ән орындағанда немесе оны үйрену кезінде мұғалімнің нұсқауларын орында.

МУЗЫКАЛЫҚ СӨЗДІК

Жырлау — дауыстап ән айтуға арналған барлық үлгілердің жалпы атауы.

Ауған рубабы — шертіп тартылатын ішекті аспап, ол медиатормен шертіледі. Оның шанағы терең ойылған және терімен қапталып, келте әрі жуан мойынында төрт байланған пернесі бар. Мойының жоғарғы бөлігінде 6 немесе 7 қосымша («хас») пернелері де болады. Негізгі 5 ішегімен күй орындалады. Оның оң бүйір жағынан 10-11 қосымша ішектер керілген, олар дыбысты күшейткіш ретінде қолданылады.

Музыкант — бастакор (парс. төж. – баста — байлау, кор-жұмыс) белгілі бір тоника мен күй-әуендерге түрлі дойра әдістері мен сөздерді (ғазалдерді) байланыстырып ән, күй сияқты шығармаларды шығаратын музыкант (немесе әнші).

Буламан — тұт ағашынан жасалған сурнай секілді аспап. Бірақ сурнайдан көлемі кіші, ал үрлемесі сыбызғыға ұқсастығымен (тілді) ерекшеленеді.

Даң (доира, басқаша атауы — чилдирма) — ұрмалы аспаптың дөңгелек шанағы жүзім сабағынан немесе өрік, жаңғақ ағашынан жасалып, бір жағы бұзау немесе киіктің терісімен қапталады. Дөңгелек

шанақтың ішкі жиегіне 40 тан астам қола сақина ілінеді.

Дутар — қос ішекті шертіп тартылатын аспап. Ол тұт, өрік немесе жаңғақ ағашынан жасалады. Мойнына 13-14 жібектен перне байланады.

Домбыра — дутар сияқты қос ішекті шертіп тартылатын аспап. Дутармен салыстырғанда өзіне төн «булыққан» дыбысы, келте және тегіс мойнымен (перне байланбаған) ерекшеленеді.

Керней — мыстан жасалған үрлемелі аспап, ұзындығы 2 м-ден астам болады. Бұрын оның «шынтақты» (сынық сызықты) түрі де қолданылған.

Тасымалдауға ыңғайлы болу үшін 3 бөлікке бөлінеді. Кернейде саусақпен жабатын перне-ойықтары болмайды.

Күшті және жуан даусы болғандығынан өткен замандарда той-дәстүрлерінен басқа әскери жорықтар мен аң аулауда да қолданған. Топ құрамында мерекелі және көтеріңкі көңіл тудырады.

Композитор (лат. — ән шығарушы) — сазгер — Батыс Еуропа музыка мәдениетінде пайда болған музыка шығармашылығы. Негізінен опера, симфония, соната, балет, оратория секілді көп дыбысты музыкалық жанрларда шығарма жазатын шығармашы.

Нағара — саздан түбек тәрізді жасалып, қыштың дәрежесіне дейін күйдіріледі. Шанағы киік немесе басқа жануардың терісімен қапталады. Нағаралар көлеміне қарай үлкен (дол нағара), орташа (қос нағара) және кіші (рез нағара) түрлерге бөлінеді.

Сато — ысқышпен ойналатын ішекті аспап. Тұт ағашынан ойып жасалған, шанағы мен ұзын мойны танбурды еске түсіреді.

Сибизик (сыбызғы) — кәдімгі қамыстан жасалған үрлемелі аспап. Үрлейтін жерінде кесілген тілше болады, ал алдыңғы жағында саусақтармен жабатын 3-4 ойығы бар.

Сурнай — өрік немесе жаңғақ ағашынан ойып жасалады. Оның алдыңғы жағында жеті, астында бір ойығы бар. Сурнайда би әндері, халқымыздың арасында көп таралған халық әндерінің әуендері мен мақамдардың «сурнай жолдары» орындалады. Топ құрамында да сурнай негізгі күй жолдарын үндестіреді.

Танбур — шертіп тартылатын ішекті аспап. Тұт ағашынан жасалады. Ұзын мойнында 16 байланған пернесі бар. Шанақ қақпағына 4 ағаш (хас) қосымша перне желімденеді. Танбурлардағы ішектің саны үш ішектен алты ішекке дейін болады. Қазіргі күнде көбірек үш-төрт ішекті танбур қолданылады. Ішектер сұқ саусаққа кигізілетін медиатормен шертіп тартылады.

Уд — шертіп тартылатын ішекті аспаптардың ең көнелерінің бірі. Ол танбур мен дутардан өзінің алмұрт пішініндегі үлкен шанағы және тегіс (перне байламдары жоқ) үлкен мойнымен ерекшеленіп тұрады. Уд аспабында 11 ішек болады, солардан бесеуі қосарлана орналасқан, ал біреуі төмен жуандыбыс орнында қолданылады.

Чанг — ұрмалы ішекті аспап, онда жалпы 40 сым ішек болады. Солардан 13-і — үшеуден бірігіп, бөлінген күйде, ал бір сымы төмен жуан ішекке бөлінеді. Чангның ішектері 2 таяқшамен ұрып және шертіп (тырнап) тартылады.

МАЗМҰНЫ

Сөз басы	3
Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны	
Сөзін жазған А.Арипов, әнін жазған М. (Мутаввакил) Бурханов ..	4

БІРІНШІ ТОҚСАН

ӨЗБЕК ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ МЕН АСПАПТАРЫ

<i>1–2-сабақтар.</i> Халық әндері	7
Өлең	8
Тұсау кесер жыры. Қазақтың халық әні. Малдың төлін емізуге шақыруы. Қазақтың халық әні	9
<i>Shaftoliga savolim.</i> Сөзін жазған П.Момынов, әнін жазған Н.Нархужаев	11
Қарапайым музыка үлгілерін еске түсіру. Шумақ үлгісі	12
<i>3-сабақ.</i> Еңбек әндері	12
<i>Отан.</i> Сөзін жазған Д.Әбілов, әнін жазған Л.Хамиди	14
До мажор тональдігі	15
<i>4-сабақ.</i> Лапар	16
3/8 өлшемі	18
<i>5-сабақ.</i> Ялла	19
Ұстаз — үлгі-өнеге ұлағатым.	20
<i>6–7-сабақтар.</i> Өзбек халық аспаптары	21
Мақтаб. Сөзін жазған К.Турдиева, әнін жазған Ж.Абдурахманов ..	26
Қорқыт (IX ғасыр)	28
Ұшардың ұлуы .Қорқыт атаның күйі. Қобыз.	30
<i>8–9-сабақтар.</i> Үрлемелі, соқпалы-ұрмалы аспаптар	31
Минор дыбысқатары	33
Даң (дойра)	34

ЕКІНШІ ТОҚСАН

МЕРЕКЕ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮР ӘНДЕРІ

<i>1-сабақ.</i> Жалпы түсінік	35
Құтты болсын мереке.Сөзін жазған Т.Рахимов, әнін жазған Ж.Еңсепов	37

Болайықшы осындай. Өлеңі мен әнін жазған А.Меңжанова	38
<i>2–3-сабақтар.</i> Той салт-дәстүрі әндері	39
Үйлену тойының әндері мен күйлері	40
Той бастар. Қазақтың халық әні	42
Munojot. Сөзін жазған Ә.Науаи, әнін жазған И.Икрамов	43
Vatan mehri. Сөзін жазған Ж.Жаппаров, әнін жазған И.Икрамов	44
Айтыс өнері дегеніміз не?	46
Домбырасыз сән қайда? Өлеңін жазған Х.Талғаров, әнін жазған Н.Нүсіпбаев	47
<i>4-сабақ.</i> Халық билері	48
Ұтыс. Қазақтың халық биі	52
<i>5–6-сабақтар.</i> Әлди туралы әндер	53
Бесік жыры. Өлеңін жазған Қ.Сыдықов, әнін жазған А.Жайымов	55
Соль-мажор тональдігі	56
Пысықтауға арналған тапсырмалар	57

ҮШІНШІ ТОҚСАН

МАУСЫМ ӘНДЕРІ

<i>1-сабақ.</i> Маусым және салт-дәстүр әндері	59
<i>2–3-сабақтар.</i> Қыс мезгілі әндері	63
Sovuq kimni izlaydi? Өлеңін жазған П.Момын, әнін жазған Н.Нархужаев	64
<i>4–5-сабақтар.</i> Тухтасин Жалилов	66
Құрманғазы Сағырбаев	67
Бақшы ерлігі	70
Най күйі	73
Мирзадавлат I. Дәстүрлі аспаптар күйі	75
<i>6–7-сабақтар.</i> Ораза байланысты жырлар	75
<i>8–9-сабақтар.</i> Наурыз мерекесі әндері	78
Onajonim, sog' bo'ling. Әні мен сөзін жазған М.Дадабаев	79
Boycheshak. Өзбек халық күйі	81
Navro'zi ajam. Өзбектің дәстүрлі күйі	82
Наурыз. Өлеңін жазған М.Сарынова, әнін жазған Б.Есдәулетова	82
Фа-мажор	84

ТӨРТІНШІ ТОҚСАН

КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ ӘНДЕРІ

1-сабақ. Көктем мезгілі әндері туралы түсінік	85
Bahor keldi. Өзбектің халық әні	85
Көктем. Өлеңін жазған И.Искандарова, өнін жазған Қ.Қожамияров	86
Ko'klam keldi. Өлеңін жазған П.Момын, өнін жазған Н.Нархужаев	87
Ре-мажор тональдігі	89
2-сабақ. Балалар халық әндері	89
Жау-жау, жаңбыр. Өлеңін жазған Ш.Сариев, өнін жазған К.Дүйсекеев	90
Binafsha. Өзбектің халық әні	91
Vatan. Өлеңін жазған Х.Рахмат, өнін жазған Х.Хасанова	92
3-сабақ. Сазгер Камилжан Жаппаров	93
Diyo'rimsan. Өлеңін жазған Хабиби, өнін жазған К.Жаппаров	94
4–5-сабақтар. Көктем елшілері және табиғат	95
Қарлығаш. Өлеңін жазған С.Жиенбаев, өнін жазған Б.Физатов	96
Qichqir, xo'rozim. Халық әні	97
Bulbulcha. Өлеңін жазған М.Құшақов, өнін жазған М.Насимов	98
6–7-сабақтар. Сазгер Фахриддин Садиқов	99
Qorabayir. Өлеңін жазған А.Полат, өнін жазған Ф.Садиқов	100
Кұлыншақ. Өлеңін жазған Ө.Тәжібаев, өнін жазған Ө.Байділдаев	101
Торы жорға ат. Қазақтың халық күйі	102
Пысықтауға арналған тапсырмалар	103
Біліп ал!	104
Музыкалық сөздік	105

O.Ibrohimov, Sh.Janaydarov

MUSIQA

4-sinf uchun darslik
(Qozoq tilida)

Қайта өңделген және толықтырылған 6-басылымы

Аударған және редакторы *Қ. Мамбетова*
Суретшілері *Ш. Мирфаёзов*
Техникалық редакторы *Д. Джалилов*
Корректоры *Ж. Дарқан*
Компьютерде беттеген *З. Алиева*

Баспа лицензиясы AI № 290. 04.11.2016.

2017 жылы 25 июнде басуға рұқсат етілді.

Пішімі 70x90 $\frac{1}{16}$. Қаріп түрі «Pragmatic». Офсеттік әдіспен басылды.

Есептік баспа табағы 8,19. Шартты баспа табағы 8,5.

Таралымы 5217. Тапсырыс 303.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
Фафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі.
100128, Ташкент, Лабзак көшесі, 86-үй.

www.gglit.uz info@gglit.uz

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояптасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.